**А.Нұрхаева**

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

## МҰҒАЛІМ КІТАБЫ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағыты мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал

# 11

Барлық құқығы қорғалған.

2021

# КІРІСПЕ

Бұл басылым Дүниежүзі тарихы пәнін оқытуда мұғалімдерге әдістемелік құрал ретінде ұсынылып отыр.

Әдістемелік құралда оқу бағдарламасының мемлекеттік стандартына сәйкес сабақ жоспарларының (қысқа мерзімді жоспарларының) үлгілері мен мұғалімдерге әдістемелік көрсететін материалдар берілген.

Қазіргі кезде оқу-тәрбие үдерісіндегі өзекті мәселелердің бірі – саяси, әлеуметтік және мәдени процестерде бағдарлану үшін оқушының тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Әдістемелік құралда диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері ұсынылып отыр. Сабақтың мақсаты, барысы, тақырыптың негізгі ұғымдары, көрнекілігі берілген. Сабақтың әрбір кезеңдерінің ғылыми жүйелілігі, бірізділігі сақталып, оқушының жас ерекшелігі ескерілген.

Әдістемелік құрал – мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік-этикалық, адамгершілік қатынастың орнығуын және «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында оқушының қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, тарихи дамудың күрделі сұрақтарын талқылауда ой-пікірін білдіру және қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, тарихи оқиғаларға баға беру және өзіндік қорытындылар шығару, көшбасшылық сын тұрғысынан ойлау біліктерін жетілдіруді көздейді. Әдістемелік құрал оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Әдістемелік құрал оқушыларда тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту, гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау, қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік құрал дидактикалық құндылығы коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдануға жағдай жасауда жатыр.

Әдістемелік құралмен жұмыс жасаған ұстаздарға сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, жеке тұлғаға бағытталған технология, ақпараттық-коммуникативті технологиялар, дербес оқыту тәсілі, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ойын арқылы оқыту, интегративтік тәсіл, жүйелі-әрекеттік тәсілі, құзыреттілік тәсілі, саралап оқыту тәсілі, іс-әрекеттік тәсіл қолдану жағдайлары толықтай қарастырылған.

Әдістемелік құралда заманауи жағдайда үш тілде білім берудің әдіснамасы да көрініс тапты.

Әдістемелік құрал дидактикалық аппараты тарихи ойлау дағдыларын (тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталған. Әдістемелік құралда білім алушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінген.

Әдістемелік құрал тарихи ойлау дағдыларын пәндік (мазмұн) мақсаттармен байланыстыру оқыту мақсаттарын біршама қолжетімді және өлшемді етуге мүмкіндік береді. Жұмыстың келесі түрі – оқушының уақыт пен кеңістікте бағдарлану мен концепттер негізінде ойлау дағдыларының дамуына септігін тигізетін тарихи деректерді қолдану қарастырылған. Бұл тарихи оқиғаларды, олардың өзгерісі мен даму жағдайын, себеп-салдар байланысын орнатуға, кез келген бір тарихи мәселелерге байланысты дәйек пен дәлел келтіруге, оқиғаның (үрдіс, құбылыстың) тарихи маңызын анықтауға, қоғамның әртүрлі тап өкілдері мен бүгінгі көзқарас тұрғысынан интерпретация жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалардан көрінеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берілді. Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу, тұлғалық

белгілерін сипаттау, өмірінің ең жарқын маңызды фактілерін атау, тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беруге ерекше ден қойылған. Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Әдістемелік құрал ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын іске асыруда маңызды рөл атқарады. Әдістемелік құрал біздің жалпыадамзаттық өркениет жетістіктерін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

**Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымын және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Тарихты зерделеу патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптасуына, жалпы мәдениеттік даму, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы әлеуметтенуге септігін тигізеді.

3. Дүниежүзі тарихы пәнін тереңдетіп оқу оқушылардың әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді.

4. Оқу пәнінің мақсаты - дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін тереңдете және жан-жақты оқытуын қамтамасыз ету негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) әртүрлі тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ғұрыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық жұмыс және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларынқолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

2-тарау. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

6. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
11- сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында **102 сағат.**

7. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

21. 11 - сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері:

Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері («экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі экономика. Нарықтық экономика (либералды

экономика). Жоспарлы экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Аустралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі. Зерттеу жұмысы: Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеуші табиғи-географиялық факторларға төтеп беру перспективалары;

2) саяси-құқықтық процестер: Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемелекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. «Постбиполярлы жүйе», «көпвекторлы саясат», «бірполярлы әлем» ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар. Зерттеу жұмысы. XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы: Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М.Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес).

Н.Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар). XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты». Ф.Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин - көрнекті Қитай реформаторы («қытайлық ерекшелігі бар социализм», «бір ел – екі жүйе»). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» («экономикалық ғажайып», «азиялық серпініс», жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» даму стратегиялары, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы. Зерттеу жұмысы: Тарихтағы тұлғаның рөлі;

4) білім мен ғылымның дамуы: Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті «еркін өнер», мектебтер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага,

Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. «Өнеркәсіп төңкерісі», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия және т.б.). Зерттеу жұмысы: Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективті салалары.

3- тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10. 2. 1. 2 кодында «10» – сынып, «2. 1. » – бөлім мен бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

1-бөлім:

| **10- сынып<br>Өркениет: даму ерекшеліктері** | **11- сынып<br>Өркениет: даму ерекшеліктері** |
|---|---|
| Білім алушылар: | |
| 10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану | 11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану |
| 10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру | 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу |
| 10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру | 11.1.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау |
| 10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау | 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру |
| 10.1.2.3 өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру | 11.1.1.5 әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау |
| 10.1.2.4 өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру | 11.1.1.6 әртүрлі мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау |
| 10.1.2.5 ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау | 11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу |
| 10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау | 11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу |
| 10.1.3.2 ежелгі өркениеттердің дамуына діни наным-сенімдердің әсерін анықтау | 11.1.2.2 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттеу |
| 10.1.3.3 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу | 11.1.2.3 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау |
| 10.1.3.4 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау | 11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау |
| 10.1.3.5 аймақтардың өркениеттік | 11.1.3.2 әртүрлі өлшемшарттар негізінде |

| 10- сынып<br>**Өркениет: даму ерекшеліктері** | 11- сынып<br>**Өркениет: даму ерекшеліктері** |
|---|---|
| ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтау | мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу |
| 10.1.3.6 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау | 11.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау |
| 10.1.3.7 әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіру | 11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау |
| 10.1.3.8 әлемдік діндер ілімдеріндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау | 11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау |
| 10.1.3.9 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау | |
| 10.1.3.10 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау | |
| 10.1.4.1 себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау | |
| 10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау | |
| 10.1.4.3 өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтау | |
| 10.1.4.4 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау | |
| 10.1.4.5 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру | |
| 10.1.4.6 отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау | |
| 10.1.4.7 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау | |
| 10.1.4.8 әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау | |
| 10.1.4.9 жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау | |

2-бөлім:

| 10- сынып<br>**Этникалық және әлеуметтік процестер** | 11-сынып<br>**Саяси-құқықтық процестер** |
|---|---|
| Білім алушылар: | |
| 10.2.1.1 антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау | 11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемелекет» ұғымын қолдану |
| 10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», | 11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу |

| 10- сынып<br>**Этникалық және әлеуметтік процестер** | 11-сынып<br>**Саяси-құқықтық процестер** |
|---|---|
| «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану | |
| 10.2.1.3 этногенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау | 11.2.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау |
| 10.2.1.4 Л. Н. Гумилевтің этностардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастарының ерекшеліктерін зерттеу | 11.2.1.4 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асу ерекшеліктерін салыстыру |
| 10.2.1.5 әлем картасын пайдалана отырып әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру | 11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу |
| 10.2.1.6 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау | 11.2.1.6 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану |
| 10.2.1.7 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу | 11.2.1.7 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының байланысын анықтау |
| 10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану | 11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтау |
| 10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау | 11.2.1.9 әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау |
| 10.2.2.3 тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын бағалау | 11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау |
| 10.2.2.4 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау | 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау |
| 10.2.2.5 қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін бағалау | 11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану |
| 10.2.2.6 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу | 11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау |
| 10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану | 11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқындар» терминдерін қолдану |
| 10.2.3.2 социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау | 11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық лаңкестіктің таралу себептері мен салдарларын анықтау |
| 10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру | 11.2.3.3 халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын болжау |
| 10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу | 11.2.3.4 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау |
| | 11.2.3.5 қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау |

3-бөлім :

| 10- сынып<br>**Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан** | 11-сынып<br>**Қоғамдық-саяси ойдың дамуы** |
|---|---|
| Білім алушылар: | |
| 10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану | 11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал - демократия», «марксизм», «экзистенциализм», «прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану |
| 10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекше-ліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру | 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау |
| 10.3.1.3 тарих контекстінде мемлекеттік құрылыс формасының өзгеруінің заңдылық-тарын анықтау және талдау | 11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу |
| 10.3.1.4 мемлекеттердің тарихи түрлеріне тән белгілерін анықтай отырып, салыстыру | 11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру |
| 10.3.1.5 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру | 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау |
| 10.3.1.6 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау | 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау |
| 10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру | 11.3.2.4 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану |
| 10.3.2.2 антикалық дәуірде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын талдау | 11.3.2.5 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау |
| 10.3.2.3 эллинизмді таратудағы А. Македонс-кийдің жорықтарының рөлін бағалау | 11.3.2.6 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану |
| 10.3.2.4 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау | 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңде-ріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау |
| 10.3.2.5 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өтудің заңдылығын тұжырымдау | 11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану |
| 10.3.2.6 дәйекті қорытындылар жасау арқылы араб шапқыншылықтары мен крест жорық-тарының себептерін анықтау | 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі туралы қорытындылар жасау |
| 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып араб шапқыншылықтары мен крест жорық-тарының салдарларын салыстыру | 11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау |
| 10.3.2.8 моңғол шапқыншылығының Еуразия-дағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу проце-сіне әсерін талдау | 11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану |
| 10.3.2.9 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау | 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу |
| 10.3.2.10 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату | 11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану |
| 10.3.2.11 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы | 11.3.3.8 Қытай Халық Республикасы мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға |

| 10- сынып<br>**Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан** | 11-сынып<br>**Қоғамдық-саяси ойдың дамуы** |
|---|---|
| маңыздылығын бағалау | көшудің себептерін талдау |
| 10.3.2.12 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру | 11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау |
| 10.3.2.13 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау | 11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру |
| 10.3.2.14 дүниежүзілік соғыстар кезеңінде халықаралық қатынастардың даму тенденция-ларын талдау | 11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау |
| 10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау | 11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу |
| 10.3.3.2 буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру | 11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсынудың өзектілігін негіздеу |
| 10.3.3.3 революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау | |
| 10.3.3.4 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу | |
| 10.3.3.5 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарт-тарын анықтау | |
| 10.3.3.6 социалистік революциялардың нәти-жесінде қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерін түсіндіру | |
| 10.3.3.7 Шығыс Еуропадағы «барқыт» револю-цияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау | |
| 10.3.3.8 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау | |
| 10.3.3.9 қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасау | |

4-бөлім:

| 10- сынып<br>**Мәдениеттің дамуы** | 11-сынып<br>**Білім мен ғылымның дамуы** |
|---|---|
| Білім алушылар: | |
| 10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу жолдарын түсіндіру | 11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу |
| 10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау | 11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау |
| 10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшеліктерін анықтау | 11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау |

| 10- сынып<br>Мәдениеттің дамуы | 11-сынып<br>Білім мен ғылымның дамуы |
|---|---|
| 10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру | 11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау |
| 10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодер-низм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреа-лизм», «хайтек» терминдерін қолдану | 11. 4. 1. 5 - мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшы-лықтарын анықтай отырып салыстыру |
| 10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау | 11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу |
| 10.4.2.3 әлем мәдиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау | 11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау |
| 10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау | |
| 10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау | 11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау |
| 10.4.3.1 деректерді талдау негізінде адамзаттың рухани-адагершілік құндылықтардың қалыптасу қайнар көздерін анықтау | 11.4.1.9 заманауи жоғарғы білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау |
| 10.4.3.2 дәйекті қорытындылар жасай отырып, қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мысалдарын зерттеу | 11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану |
| 10.4.3.3 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген ХХ ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау | 11.4.2.2 әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерінің анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылық- тарын анықтау |
| 10.4.3.4 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының маңызын түсіндіру | 11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңызды-лығын бағалау |
| 10.4.3.5 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау | 11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестер дің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техни-калық прогресс» ұғымын қолдану |
| 10.4.3.6 болашақтағы адамның моральдық бейнесін анықтай отырып, адамзаттың рухани-адамгершілік дамуының ықтимал жолдарын болжау | 11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу |
| | 11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау |
| | 11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық техноло-гиялардың әсерін зерттеу |
| | 11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістік-тердің ықтимал салдарын болжау |
| | 11.4.3.3 робототехника және космонавтиканың мемлекеттердің бәсекеге қабілетті дәрежесіне әсерін зерттеу |
| | 11.4.3.4 ғылымның заманауи тенденция ларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», |

| 10- сынып<br>Мәдениеттің дамуы | 11-сынып<br>Білім мен ғылымның дамуы |
|---|---|
| | «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану |
| | 11.4.3.5 жаңа ғылыми бағытттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау |
| | 11.4.3.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлерінің дамуынның маңызын түсіндіру |

23. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының **Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.**

24. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін білім алушыларды зерттеу жұмысына тарту қарастырылған. Әр тақырып бөлімінің білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталалуы оқу бағдарламасының ерекшелігі болып табылады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

25. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің
қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына
арналған «Дүниежүзі тарихы»
оқу пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына
қосымша

**Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

11-сынып:

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| | | 1-тоқсан | |
| Өркениет: даму ерекшеліктері | Экономика лық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық | Экономика және экономикалық жүйелердің типтері | 11.1.1.1 мемлекеттердің экономика лық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану;<br>11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу |
| | | Дәстүрлі (аграрлық) экономика | 11.1.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мыса-лында экономиканың дәстүрлі (аграр-лы) түріне тән белгілерін анықтау;<br>11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру |
| | | Жоспарлы (социалистік) экономика | 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;<br>11.1.1.6 әртүрлі мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау |
| | | Нарықтық экономика | 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;<br>11.1.1.5 әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау |
| | | Экономиканың аралас түрі | 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру;<br>11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу |
| | Мемлекеттің экономика лық дамуына | Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің | 11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтар дың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи- |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| | табиғи-географиялық фактордың әсері | шаруашылық мамандандырылуы | географиялық фактордың рөлін негіздеу |
| | | Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары | 11.1.2.2 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттеу;<br>11.1.2.3 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау |
| | Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі | Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі | 11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау;<br>11. 1. 3. 2 әртүрлі алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу |
| | | Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары | 1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау;<br>11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтар дың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау;<br>11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау |
| | Зерттеу жұмысы | Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеуші табиғи-географиялық факторларға төтеп берудің перспективалары | |
| 2-тоқсан | | | |
| Саяси-құқықтық процес тер | Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам | Құқықтық мемлекет түсінігі | 11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемлекет» ұғымын қолдану;<br>11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу |
| | | Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі | 11.2.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау;<br>11.2.1.4 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принципте рініңжүзеге асу ерекшеліктерін салыстыру;<br>11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу |
| | | Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы | 11.2.1.6 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану; |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
| --- | --- | --- | --- |
| | | | 11.2.1.7 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтау |
| | | Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар | 11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтау;<br>11.2.1.9 әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау |
| | Әлемнің қазіргі саяси жүйесі | Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі | 11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау;<br>11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау |
| | | Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі | 11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану;<br>11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау |
| | Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі | Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер | 11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқын» терминдерін қолдану;<br>11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтау;<br>11.2.3.3 халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын болжау |
| | | Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері | 11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау;<br>11.2.3.4 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау;<br>11.2.3.5 қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау |
| | Зерттеу жұмысы | XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері | |
| 3 - тоқсан | | | |
| Қоғам дық-саяси ойдың дамуы | Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы | Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары | 11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демокра тия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану; |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| | | | 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау;<br>11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғам-дық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу |
| | XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер | М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы | 11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру;<br>11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуел-сіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыз-дылығын анықтау;<br>11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұл-ғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау |
| | | Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы | 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.2.4 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану;<br>11.3.2.5 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау |
| | | Н. Манделла –апартеидке қарсы күресуші | 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұл-ғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.2.5 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау;<br>11.3.2.6 Оңтүстік Африка Республи-касындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану |
| | XX ғасыр дағы –<br>XXI ғасыр дың басын дағы көрнекті саясаткер-реформатор лар | Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы | 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыз-дылығын бағалау;<br>11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану;<br>11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау |
| | | Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты» | 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау |
| | | Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы | 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану; |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| | | | 11.3.3.6 Ш.Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу |
| | | Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы | 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау;<br>11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану;<br>11.3.3.8 ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдау |
| | | Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» | 11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау;<br>11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау<br>11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау;<br>11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру |
| | | Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі | 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау;<br>11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларыың мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін дәлелдеу;<br>11.3.3.13 Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу |
| | Зерттеу жұмысы | Тарихтағы тұлғаның рөлі | |
| 4 тоқсан | | | |
| Білім мен ғылым ның дамуы | Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде | Жазу мен кітап басытыру – адамзаттың ұлы жетістіктері | 11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу;<br>11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
| --- | --- | --- | --- |
| | | Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін | 11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау;<br>11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау;<br>11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшелік-тері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру |
| | | Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні | 11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу;<br>11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университет тердің рөлін талдау;<br>11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуын-дағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау;<br>11.4.1.9 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылық-тары мен ерекшеліктерін анықтау |
| | Ғылыми-техникалық прогресс | Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері | 11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану;<br>11. 4. 2. 2 - әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшелік-терін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;<br>11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық ре-волюцияның маңыздылығын бағалау; |
| | | Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары | 11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық про-цестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану;<br>11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу;<br>11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау |
| | Қазіргі заманғы ғылыми технология лар | Қазіргі кездегі ақпарат-тық технологиялар | 11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу;<br>11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжау |

| Бөлім | Бөлімше | Тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| | | Қазіргі ғылымның перспективті салалары | 11.4.3.3 робототехника және космонавтиканың мемлекеттердің бәсекеге қабілетті дәрежесіне әсерін зерттеу;<br>11.4.3.4 ғылымның заманауи тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану;<br>11.4.3.5 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау;<br>11.4.3.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсіндіру |
| | Зерттеу жұмысы | Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективті салалары | |

**ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ**
**§1-2. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТИПТЕРІ**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып:** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | **Экономика және экономикалық жүйелердің типтері** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.1 тақырып. 11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану;<br>1.2 тақырып. 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың барлығы**: экономика туралы жалпы мәнін ашып көрсете алады. Экономикалық жүйе түрлерін сипаттайды.<br>**Басым бөлігі**: Экономикалық жүйе түрлерін жан-жақты сипаттап, талдау жасайды. Экономиканы дамытудағы рөлін анықтайды.<br>**Кейбір бөлігі:** Экономикалық жүйе типтерінің қызметін салыстыра отырып бағалайды. |
| **Тарихи концептер** | өзгеріс пен сабақтастық |
| **Бағалау критерийі** | Білу, түсіну, талдау, қолдану, жинақтау, бағалау, жасау |
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің,оқушылар бір-бірінің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар кестеге жазбаша жауап жазады.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында өз пікірлерін айтады.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық оқушы талқылауға қатысады ( ауызша сөйлеуге, анализ жасауға дағдыланады). |
| **Құндылықтарға баулу** | Заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үдерістерде хабардар болуы үшін тарихи білім мен сын тұрғысынан ойлау, тиімді қарым-қатынас құру дағдыларын пайдалана білуді қалыптастыру; |
| **Пәнаралық байланыс** | тарих, экономика, география |
| **Алдыңғы білім** | Экономика туралы жалпы білімдерін қайталау, жаңа тақырыппен байланыстыру |

## Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негіздемесі жеті негізгі мемлекет құраушы жалпыұлттық құндылықтар болып табылады.<br>*8)* *Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана*<br>9) *Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім*<br>*10)* *Зайырлы қоғам және жоғары руханият*<br>*11)* *Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу*<br>*12)* *Жалпыға бірдей еңбек қоғамы* |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>13) Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы<br>14) Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.<br>Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу.Экономикалық өсу – біздің ең маңызды міндетіміз, Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілеттілігі осыған тікелей байланысты. Біздің басты міндетіміз – өндірісті, білім мен ғылымды біріктіру, инновациялық-индустриялық кластерлерді дамыту. Сондықтан елімізде ғылым саласының шешуші реформалары, білім беру жүйесін жаңғырту жүргізілуде, техникалық және кәсіби мамандарды даярлаудың жаңа тиімді жүйесі жасалды.<br>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған. Қазақ халқының тарихы – бірігу тарихы. Тек бірлікті сақтай отырып қана, қазақтар бірегей мәдени-өркениеттік кодқа, ортақ тілге және дәстүрге ие халық ретінде сақталып қалды. XXI ғасырдағы мемлекеттік тілдің мақсаты, міндеті және тағдыры – Қазақстан халықтарының ортақ тілі болу. Әрбір нағыз патриоттың парызы – мемлекеттік тілді білу және отандастарымызға оны меңгеруге көмектесу. Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық ұлттың тілдерін дамыту үшін жағдай жасау, үштілділік қағидатын енгізу де маңызды.<br>Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы – мемлекетіміздің белсенді, теңдестірілген, сындарлы және жауапты ішкі саясатының басты мәні.</td>
</tr>
<tr>
<td>Тірек сөздер, тілдік тіркестер</td>
<td>Терминдер:<br>1. «үлкен өзгеріс» саясаты<br>2. «мәдени төңкеріс»<br>3. «ашықтық» саясат<br>4. «ұлттық ерекшелік»<br>5. «серпіліс»<br>6. «төрт жаңғырту» бағыты#</td>
</tr>
<tr>
<td>Пәнаралық байланыс</td>
<td>Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы, қоғамтану, саясаттану, экономика, география<br>
<table>
<tr><td>10.3.2.12 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру</td><td>11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау</td></tr>
<tr><td>10.3.2.13 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау</td><td>11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру</td></tr>
<tr><td>10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау</td><td>11.3.3.12 «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу</td></tr>
</table>
</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Алдыңғы білім** | 8-10 сынып дүниежүзі тарихы. 8-9 сыныптарда Оңтүстік-шығыс Азияның тарихи дамуы, саяси режим, экономикалық типтер, Экономиканы жаңғырту - жаңа технологиялық құрылымға көшу (серпінділік), өндірістік әлеуетті түбегейлі жаңарту, экономикалық өсудің күрт жеделдетілуі, өмір сүру деңгейін жоғарылату арқылы қоғамның экономикалық және қаржылық құрылымындағы терең өзгерістер.<br>10 сыныпта «Өркениет» түсінігі. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы. Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары. Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін. |

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Оқушының уәжін, қызығушылығын ояту. Алдыңғы білімін ояту арқылы сабаққа дайындығын арттыру.<br>СД дисктегі слайдты ашып көрсету.<br>INSERT әдісін қолданып, білімді жинақтау. Топтарға бөлініп, екі ел жөнінде ең көп мәлімет берген топ жеңеді<br>Суреттерді көрсетіп, елдің тарихи-географиялық жағдайын баяндау</td><td>INSERT кестесі<br>СД-диск</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Сұрақтарға жауап берейік<br>1. Сингапурда Ли Куан Юдің кезеңінде барлық өзгерістерді бақылау қалай жүзеге асты?<br>2. 1991 жылғы «Ұстаным 2020» бағдарламасының мәнін ашып көрсетіңіз?<br>3. Махатхир Мохаммад ішкі саясаттың негізгі бағыты қандай?<br>4. Махатхир Мохаммадтың сыртқы саясатының негізгі бағыты қандай?<br>5. Ли Куан Ю Сингапурды кедей, экономикалық жағынан артта қалған "үшінші әлем" елінен әлемдегі ең бай мемлекеттердің біріне айналдыру жолдарына талдау жасап, баға беріңіз:<br><br>Ойланайық, талқылайық<br>1. Ли Куан Ю мен Махатхир Мохаммадтің реформа үдерісіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаңыз.<br>
<table>
<tr><th>Ұқсастықтары</th><th>Айырмашылықтары</th></tr>
<tr><td>1.___________________________________<br>2.___________________________________<br>3.___________________________________</td><td>1.___________________________________<br>2.___________________________________<br>3.___________________________________</td></tr>
<tr><td colspan="2">Нәтиже:</td></tr>
</table>
</td><td>Оқулық<br>СД-диск</td></tr>
</table>

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| | **Талдап, салыстырайық**<br>Сингапур мен Малайзияны дамытуда Ли Куан Ю мен Махатхир Мохаммадтің рөлін FILA әдісі арқылы бағалаңыз:<br>1. FACTS – Мәліметтер: тақырып бойынша нақты мәліметтерді тізімдеңіз.<br>2. IDEAS – Идеялар: тарихи тұлғалардың ерекше идеяларын кластер әдісімен сипаттаңыз.<br>3. LEARNING ISSUES – зерттеуді талап ететін сұрақтар мен бағыттарды анықтаңыз.<br>4. ACTION PLAN – шешімдер жоспары: екі тұлғаны бағалау үшін нақты жоспар мен әдістерді ұсыныңыз.<br>5. Екі тұлғаның қызметіне баға беріңіз.<br><br>**Дәптерге орындайық**<br>Ли Куан Ю мен Махатхир Мохаммадтің билігі кезінде Сингапур мен Малайзия мемлекеттерінің дамуындағы негізгі ұқсастықтарды айқындаңыз.<br><br>**Қолданып көрейік**<br>Сингапурды Ли Куан Ю, Малайзияны Махатхир Мохаммад басқарған кездегі саясат, экономика, әлеуметтік салаларда болған өзгерістерге байланысты 2-3 дәлел келтіріңіз.<br><br>**Ой бөлісейік**<br>1.Дереккөз мәліметтерінен Ли Куан Юдың ішкі және сыртқы саясатта негізгі мақсаттарын анықтаңыз (кестені пайдаланыңыз).<br>2.Махатхир Мохаммад не үшін экономикадағы этатизимге қарсы болды, жауабыңызды негіздеңіз. | |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия:**<br>Топтар жұмысын талдап, оқушылар жетістіктер мен қиындықтарды айқындады. Анықталған нәтижелер негізінде топтарға қиындық тудыратын мәселелерді түзету және одан әрі толық меңгеру үшін тапсырмалар беріледі.<br>1-топ сәйкестендіру тапсырмасы, 2-топ 4 нұсқалардың ішінен дұрыс тұжырымдарды таңдау, 3-топ иллюстрациялардың мәнін анықтау және сипаттау.<br>Кері байланыс «3 бекет әдісі арқылы жүзеге асады: қабылдаймыз, толықтырамыз, өзгертеміз».<br>Мақсаты кері байланыс алу және ұсыну дағдыларын дамыту.<br>Сипаттама: оқушыларға орындалған жұмысты талқылауға және кері байланыс беруге көмектесетін тіркестер үлгілерін беріңіз. Топтарды сынып алдында кері байланысын беруді талап етіңіз.<br>Мысалы:<br>– сіз (өзгертсеңіз, толықтырсаңыз, сілтесеңіз, атап өтсеңіз) жөн болар еді...<br>– назар аударыңыз (мысалдар, дәлелдер келтіріңіз)....... | Кері байланыс "3 бекет әдісі арқылы жүзеге асады: қабылдаймыз, толықтырамыз, өзгертеміз". |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| | – бізге жұмысыңызда ұнаған тұстар ( жұмыс критерийлерге сәйкес келеді, толық орындалған)<br>Кері байланыстың ең конструктивті мысалдарын талқылаңыз: пайдалы, оңды, түзету бойынша ұсынымдарды қамтиды | |
| Үй тапсырмасы: | Сингапур Малайзияны модернизациялау ерекшеліктерін PRES әдісі арқылы талдаңыз<br>PRES әдісінің құрылымы:<br>**P** – пікір білдіру. Менің ойымша…<br>**R** – себеп келтіру. Мұның келесі себебі(-тері) бар …<br>**E** – мысал келтіру. Мысалы …<br>**S** – қорытынды шығару. Қорытындылай келе … | **Сайттар тізімі** |

<table>
<tr><th>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</th><th>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</th><th>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</th></tr>
<tr><td>Топтық жұмыста ЖАДА қолдану. Л.Выготский танымдық дамудың оқушылар өздерінің «Жақын даму аймағында» ( (ЖАДА) жұмыс істесе, жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек.Бұл қолдау қарым қатынасты қамтиды және Выготский бұл жағдайда оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді.</td><td>Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындау сәтінен кейін, болған соң ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын.<br>Тапсырмаларды бағалау критерийлері:
<table>
<tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th><th>Жетістік деңгейі</th></tr>
<tr><td>А.Мазмұны</td><td>Тақырып мазмұны ашылмады</td><td>0</td></tr>
<tr><td></td><td>Тақырып мазмұны ашылды, бірақ толықтыру қажет</td><td>1</td></tr>
<tr><td>В.Баяндау шеберлігі</td><td>Ойды жеткізу тілі түсініксіз болды</td><td>1</td></tr>
<tr><td></td><td>Ойды жеткізе білді, бірақ шешендік жетпеді немесе қайталана берді, қыстырма сөздер көп қолданылды.</td><td>2</td></tr>
</table></td><td>АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.</td></tr>
</table>

| Критерий | Дескриптор | Жетістік деңгейі |
|---|---|---|
| | Тіл байлығы жақсы, ойды жетік жеткізе білді, өз пікірін пайымдады. | 3 |
| С. Шығармашылық | Тақырыпты өзге қырынан аша білді | 3 |
| | Жаңашылдық идея болды. | 3 |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы***<br>*Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?*<br>*Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?* | **Жалпы бағалау**<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? |

## §66-69. Н.НАЗАРБАЕВ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 11** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 27.1 тақырып. Тәуелсіз елді қалыптастырудағы Президенттің рөлі.<br>11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау;<br>27.2 тақырып. Модернизацияның қазақстандық моделін әзірлеу мен жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлі<br>11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау; | |

| | |
|---|---|
| | 27.3 тақырып. «Қазақстан–2030» стратегиясы, «Қазақстан–2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел» ел жалпыұлттық идеясы.<br>11.3.3.12 «Қазақстан –2030», «Қазақстан – 2050» стратегияларыың мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін дәлелдеу;<br>11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың барлығы**: Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі Н.Назарбаевтың рөлі жөнінде қорытынды жасайды, Қазақстанның өтпелі кезеңдеріндегі елбасының экономикалық реформалардың маңыздылығын бағалайды. «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегияларыың мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін 2 дәлелмен дәйектейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін өз сөзімен негіздейді.<br>**Басым бөлігі**: Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі Н.Назарбаевтың рөлі жөнінде бірнеше қорытынды жасайды, Қазақстанның өтпелі кезеңдеріндегі елбасының экономикалық реформалардың сол кездегі және бүгінгі уақыттағы өзгеріс пен сабақтастық концепті негізінде маңыздылығын бағалайды. «Қазақстан – 2030», «Қазақстан –2050» стратегияларыың мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін 4 дәлелмен дәйектейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін өз сөзімен ауызша әрі жазбаша шығармашылық түрде негіздейді.<br>**Кейбір бөлігі:** Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өміріндегі Н.Назарбаевтың рөлі жөнінде жүйелі-салыстырмалы түрде қорытынды жасайды, Қазақстанның өтпелі кезеңдеріндегі елбасының экономикалық реформалардың сол кездегі және бүгінгі уақыттағы өзгеріс пен сабақтастық концепті негізінде тек ҚР үшін ғана емес, жалпы әлем мен өзі үшін маңыздылығын концептуалды түрде анықтап, тарихтағы маңыздылығын бағалайды. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларыың мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін сан алуан дәлелмен дәйектеп, маңыздылығына қарай саралайды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін сыни тұрғыдан талдап, шығармашылық түрде негіздейді әрі түйін ой шығарады.<br>Н.Назарбаевтың қызметін басқа тарихи тұлғалармен салыстыра алады. |
| **Бағалау критерийі** | Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің тарихындағы рөлін талдаймыз;<br>Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жаңғыртудың қазақстандық моделін әзірлеу мен жүзеге асырудағы рөлін бағалаймыз;<br>«Қазақстан–2030», «Қазақстан–2050» стратегияларының мысалында елдің ұзақ мерзімді даму жоспарлауының тиімділігі туралы қорытындылар жасаймыз;<br>Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының өзектілігін дәлелдейміз. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу** | **«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары**<br>Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» – бұл барлық қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар және еліміздің болашағының іргетасын құрайды» деп атап көрсетілген.<br>***«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығы,*** «Бір мақсат, бір мүдде, бір келешек» біртұтастығы. «Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағытталған. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негіздемесі жеті негізгі мемлекет құраушы жалпыұлттық құндылықтар болып табылады.<br>***«Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктері***<br>Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі білім беру мен тәрбиенің бірлігі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктеріне білім беру құндылықтарын, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, өмір бойы білім алу және т.б. жатады. Қазақстан халқын біріктіретін «Мәңгілік Ел», «Қазақстан – ортақ мекеніміз», «Қазақстан – менің Отаным» жалпыұлттық идеяларын жүзеге асыруда мектептердің рөлі аса маңызды болып табылады. |
| **Тірек сөздер, тілдік тіркестер** | ***Терминдер:***<br>1. инфляция<br>2. инвестициялар<br>3. жекешелендіру<br>4. реформалар<br>5. Модернизация<br>6. «Қазақстан–2030» стратегиясы<br>7. «Қазақстан–2050» стратегиясы<br>8. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы |

<table>
<tr>
<td>Пәнаралық байланыс</td>
<td>Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы, қоғамтану, саясаттану, экономика, география
<table>
<tr><td>10.3.2.14 дүниежүзілік соғыстар кезеңінде халық-аралық қатынастардың даму тенденцияларын талдау</td><td>11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау</td></tr>
<tr><td>10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау</td><td>11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу</td></tr>
<tr><td>10.3.3.2 буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру</td><td>11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсынудың өзектілігін негіздеу</td></tr>
</table>
</td>
</tr>
<tr>
<td>Алдыңғы білім</td>
<td>9-10 сынып дүниежүзі тарихы 9 сыныпта Қазақстанды жаңғыртудың бірінші кезеңі жоспарланғаннан нарықтық экономикаға көшу кезінде жаңа мемлекеттің құрылуы болды.<br>Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңі бірқатар қиындықтарға ұшырады. Ең алдымен бұл экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық және экологиялық мәселелер. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары. Тәуелсіздік жылдарындағы мәдениеттің дамуы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Маңызды проблемаларды еңсеру үшін оларды шешу қажет болды және негізгі міндеттер экономиканы қайта құрылымдау, оны қазіргі заманғы ғылымды қажетсінетін технологиялық салаларға қайта бағдарлау, мүмкіндіктер теңдігі қағидатын қамтамасыз ету, меншікті жекешелендіруді жүргізу, бағаны ырықтандыру, ойластырылған инвестициялық саясат негізінде әлеуметтік бағдарланған нарық құру болды..<br>10 сыныпта «Өркениет» түсінігі. Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы. Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары. Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін.</td>
</tr>
</table>

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>

**Тарихи тұлғаның портреті**

Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік деңгейдегі саясаткер болып қалыптасуына қандай тұлғалық және адами қасиеттері көмектесті? Ұлт Көшбасшысының саяси жетістіктері неден байқалады?

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі қарапайым азаматтың әлемдік деңгейдегі, аса көрнекті мемлекет қайраткері мәртебесіне дейін көтерілу жолының үлгісі. Елбасының өмірі мен қоғамдық саяси қызметін жан-жақты сипаттап, талдау жасаңыз.

<table>
<tr><td>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі</td><td>Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салудағы қызметі</td><td>Елбасы бастамаларының мақсаты, тарихи маңызы</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Қорытынды</td></tr>
</table>
</td><td>INSERT кестесі<br>СД-диск</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>

**Сұрақтарға жауап берейік**

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Н.Назарбаев қандай міндеттер алды?<br>
2. Экономикалық дағдарысты еңсеру үшін қандай стратегиялық бағдарламалар қабылданды?<br>
3. Н.Ә.Назарбаев Республиканы халықаралық аренада мойындауға қалай қол жеткізді?<br>
4. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауының мәні қандай?<br>
5. «Біріншіден, экономика, содан кейін саясат» формуласының мәні неде?<br>
6. Еуразиялық идеяның мақсаттары қандай?<br>
7. Нарықтық экономикаға көшудің алдында қандай міндеттер тұрды?<br>
8. ХХ ғасырдың 90-жылдары Қазақстан экономикасы неге дағдарысқа ұшырады?<br>
9. Қазақстан өз тәуелсіздігінің ерте кезеңінде елдегі экономикалық жағдайды жақсарту үшін қандай қадамдар мен шараларды қолға алынды?<br>
10. Жекешелендіру және ұлттандыру ұғымдарын бір-бірінен ажыратыңыз.<br>
12. Қазақстанның рубльдік аймақтан шығу себептерін көрсетіңіз?<br>
11. Экономикалық жаңарудың қандай кезеңінде Қазақстандағы дағдарыс құбылыстары болды?<br>
12. Экономикалық реформалар Стратегиясының мақсаты қандай?
</td><td>Оқулық<br>СД-диск</td></tr>
</table>

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| | **Ойланайық, талқылайық**<br>1. Н.Назарбаевтың ұсынған еурозияшылдық идеясына негізделген қағаидалар қандай? Қазақстандағы экономикалық дағдарыстың себептерін атаңыз.<br>2. Қазақстандағы дағдарыстық жағдайға қандай себептер әсер етті?<br><br>**Талдап, салыстырайық**<br>1.Н.Назарбаевтың мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық және саяси тұрақтылығын реттеудегі рөлін PEST стратегиясы арқылы талдаңыз.<br>2. Қазақстандағы нарықтық экономиканың 90 жылдардағы SWOT талдауын жасаңыз.<br>3. «Қазақстан–2030» Стратегиясын дамудың анықтаушы вектоы деп атау себебі неде? Стратегияны іске асыру кезеңдерінің әрқайсысының сипаттамасын анықтап, талдаңыз.<br>4. «Қазақстан–2030» Стратегиясының қабылданған мерзімін анықтаңыз. Стратегияны қабылдау себептері қандай? «Қазақстан-2030» Стратегиясында ішкі және сыртқы саясатты жаңғыртудың қандай қағидаттары белгіленген?<br>5. Неліктен индустрияландырудың инновациялық технологияларын енгізу еліміздің негізгі факторы?<br>7. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында Қазақстанда индустрияландыру үшін не істеу керек?<br>8. Қазақстанның экономикалық дамуы саласында қандай міндеттерді шешу қажет?<br>**Дәптерге орындайық**<br>«Қазақстан – 2050 «Стратегиясының» алты негізгі бағытын талдап, Қазақстанның мықты әрі қуатты мемлекет құрудағы маңыздылығын атап өтіңіз (оқулықтағы кестені пайдаланыңыз)<br><br>**Қолданып көрейік**<br>Саясат пен экономика саласындағы тәуелсіз мемлекеттің даму бағыттарын жазыңыз.<br>1) 1990-жылдардың екінші жартысында реформалар мынадай нәтижелерге қол жеткізгенін дәлелдеңіз (6 дәйек жазыңыз және олардың мағынасын ашыңыз) (оқулықтағы кестені пайдаланыңыз).<br>2) 1990 жылдары экономиканы тұрақтандырудың ерекшеліктерін анықтаңыз.<br><br>**Ой бөлісейік**<br>1. Дереккөз бойынша жұмыс жасаңыздар (оқулықтағы деректі пайдаланыңыз) .<br>***Дерек бойынша сұрақтарға жауап беріңіз:***<br>1. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы мен Стратегиялық құжаттардың аясында ұлттық идеяның дамуы қалай болды?<br>2. | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| | 2. Мемлекет басшысы «Қазақстан–2050» жаңа стратегиялық бағытын іске асыруда айрықша жауапкершілікті бірінші кезекте қазақтарға арналады» деген сөздермен қандай мағынаға ие болды? | |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия**. «Сіз қай орындықты таңдайсыз?» әдісі арқылы сабаққа рефлексия жасау. Мұғалім барлығы 9 орындықты қойып шығып, төменде берілген суреттегі орындықтардың қиындыларын қиып алып, орындықтарға қойып шығады. Оқушы орындық суретіне қарап, бір орындықты таңдап, отырады. Орындықтың үстінде жатқан орындық суретінің қасында сол орындыққа тиесілі рөл жөнінде мағлұмат болады. Мағлұматты оқып алып оқушы сол мамандыққа сай сабаққа баға береді. Мысалы, оқушы психолог орындығын таңдаса, психолог тұрғысынан сабаққа баға береді. Төменде орындықтар мен оларға қатысты мамандықтар (рөлдер) жөнінде мағлұматтар берілген.<br>Мәтінді оқымай тұрып, төмендегі суретке зер салыңыз. Жаныңызға жақын, отырғыңыз келетін орындықты таңдаңыз. Таңдауыңызға сәйкес орындық сипаттамасын оқып, өзіңізді таныңыз.<br>***1. «Кәсіпкер»*** орындығы. Сіз өте мықты және еңбекқор адамсыз. Таңертеңнен кешке дейін бір орында тапжылмай, қиын әрі күрделі жобамен айналыса аласыз. Бойыңызда тәуекелшілдік тұнып тұр. Қандай шешім шығарсаңыз да, тек жақсылығын көруге тырысасыз. Бір көрген кісі сізді еңбексүйгіш деп бағалайды, олар қателеспейді де. Бірақ сіз жұмысыңызға деген шексіз махаббатыңыз арқылы өзге еңбекқор жандардан ерекшеленіп тұрасыз. Ойға алған ісіңізді соңына дейін жеткізбей тынбайсыз.<br><br>***2. «Рухани тәлімгер»*** отырғышы. Сіз сабырлы әрі жанашыр жансыз. Бір күніңізді толығымен жәрдеміңізге мұқтаж адамға арнай аласыз. Жаныңыз қайырымдылық пен мейірімділікке бай. Сіз үшін нағыз адам – өзгелерге қол ұшын соза алған жан. «Адам аласы ішінде» деген тіркес сізге сай емес екенін бір көріп білуге болады. Себебі ұсқыныңыз қандай жайдары болса, жаныңыз да сондай жомарт. Ешқашан сабырға келе алмайтын жанды да тыныштандыру сіздің ғана қолыңыздан келеді.<br>***3. «Өнертапқыш»*** орындығы. Сіз қуатыңыз мол және қатарыңыздан озық жансыз. Күні бойы жаңа да тың жобалар мен идеяларды дамыту үшін қозғалмай отыра аласыз. Әрдайым жаңа нәрселерді ойлап табуды жақсы көресіз. Жұмыста да, басқа кезде де кез келген істі байқап көргіңіз келеді. Алғаш көрген көзге іш пыстырарлық адам боп таныласыз. Солай болуы да мүмкін, бірақ идеяларыңыз ешқашан ешкімді жалықтырған емес. Заттардың құпиясын ашу үшін ұзақ әуреленіп, тәжірибе жасағанды жаныңыз сүйеді. | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| | ***4. «Сыншы»*** орындығы. Сіз талғампазсыз және өте жақсы тәрбие көргенсіз. Күні бойы қонақтың көңілін аулап, қызықты әзілдермен жүзіне күлкі сыйлап отыра аласыз. Әлемдегі ең жақсы адам екеніңізді көрсеткіңіз келеді. Барлығы сізді біртуар тұлға ретінде қабылдағанын қалайсыз. Алғаш көрген жан сізді көрсеқызар, кейде ептеген тәкаппар деп ойлайды. Мойындаңыз, мұндай ой тууына өзіңіздің үлесіңіз бар. Кез келген нәрсенің сапалысын таңдайсыз, ең жақсысын ғана алғыңыз келеді.<br>***5. «Психолог»*** орындығы. Сіз барлығын білуге құмарсыз, талабыңыз таудай. Өмірге сұрағыңыз көп, барлығының жауабын табуға ұмтыласыз. Біреу сізге өмір жолын айтып беремін десе, басқаға бас бұрмай отырып, тәулік бойы тыңдауға әзірсіз. Бірінші көрген кісіге сабырлы да салмақты, қарапайым жан екен деген ой қалдырасыз. Бірақ, шын мәнісінде өте белсенді адамсыз. Барлығын санада сараптап, мида қорытасыз. Адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасын меңгеруге құштарсыз.<br>***6. «Саяхаттаушы»*** орындығы. Сіз тапқыр, жігерлі жансыз. Бір күн бойы пойыз не ұшақ терезесіне телміріп, әлемге көз тігіп отырудан бас тартпайсыз. Жаңалық іздеп шарқ ұруда жанкештілік көрсетесіз. Бұрын соңды көрмеген жер, жаңа таныстар, таңсық нәрселер сізді шабыттандырады. Бейтанысқа беймаза жан боп танылasыз. Шынында да, өміріңізде сәл тыныштық орнауы үшін, өзіңізді қолға алыңыз. Ғұмырыңызды саяхатқа арнағыңыз келеді. Сапарға шықпаған кезіңізде, үнемі алыс шетелді елестетіп, қиял құшағында жүресіз.<br>***7. «Романтик»*** орындығы. Сіз шығармашылық адамысыз әрі арманшылсыз. 24 сағат бойы ой үстінде отыра аласыз. Қиялыңыз ұшқыр, ойыңыз әрдайым әлемді шарлап жүреді. Сапар соңында қадамыңыз басталған жерден табылмайсыз. Бір көрген жан көп қырлы екеніңізді байқайды. Айналаңыздағы әлемді қаншалықты ұмытып кететін болсаңыз, ойыңыздан да соншалықты адасасыз. Санаңызда әрқашан адам ойына келмеген жақсы нәрселер өмір сүреді, тек соны жазып не есте сақтап алатын зейін жетіспейді.<br>***8. «Ғалым»*** орындығы. Қажырлы әрі біртуар жансыз. Күні-түні қиын да күрделі кітапты оқып, қозғалмай отыра аласыз. Идеялар әлемінде адасып кетуге де бел буасыз. Бірақ олар жұмбағы мен тылсымы көп болған сайын, сізді қызықтыра түседі. Бір көрген жан сізді әлемде не болып жатқаны мүлдем қызықтырмайды деп ойлайды. Іс жүзінде, өте әуесқой кісісіз. Өзіңізді қызықтырған нәрсе жөнінде профессорлардан да озып, толығымен түсінбейінше оқи бересіз.<br>***9. «Философ»*** орындығы. Сіз кірпияз, бірақ көңілді адамсыз. Күні бойы бір орында отыра аласыз. Сөйте тұра, ішіңіз пыспайды, өзгелердің де ішін пыстырмайсыз. Сіз үшін әлем – алып ойын-сауық. Дүние жүзінде әр күні әртүрлі қызық жайт орын алады ғой. Бірінші рет көрген кісіге таңғажайып боп көрінесіз. Бағыңызға орай, көпшілігі сіздің біртүрлі қылықтарыңызды қызықты деп қабылдайды. Өмірге өзгеше көзқарасыңызды үнемі танытып жүресіз. | |
| Үй тапсырмасы | **Өткенді қайталау** | **Сайттар тізімі** |

<table>
<tr>
<th>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</th>
<th>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</th>
<th>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</th>
</tr>
<tr>
<td>Коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында құрылған топтар/жұптар қабілеті төмен оқушыларды қабілеті жоғары оқушылардың қолдау көрсетуін меңзейді. Мұғалім талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын қадағалау тиіс.<br>Дәйекті дәлелдерге ғана негізделген қорытындыға жетудің мағынасының мәні, сыныптағы қабілеті төмен оқушы дәлелдерге негізделе отырып, кем дегенде өзін ойын білдіре алады, ал қабілеті жоғары оқушы тәуелсіз, негізгі жауап береді.</td>
<td>Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындау сәтінен кейін, болған соң ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын.<br>Тапсырмаларды бағалау критерийлері:
<table>
<tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th><th>Жетістік деңгейі</th></tr>
<tr><td>А.Мазмұны</td><td>Тақырып мазмұны ашылмады</td><td>0</td></tr>
<tr><td></td><td>Тақырып мазмұны ашылды, бірақ толықтыру қажет</td><td>1</td></tr>
<tr><td>В.Баяндау шеберлігі</td><td>Ойды жеткізу тілі түсініксіз болды</td><td>1</td></tr>
<tr><td></td><td>Ойды жеткізе білді, бірақ шешендік жетпеді немесе қайталана берді, қыстырма сөздер көп қолданылды.</td><td>2</td></tr>
<tr><td></td><td>Тіл байлығы жақсы, ойды жетік жеткізе білді, өз пікірін пайымдады.</td><td>3</td></tr>
<tr><td>С. Шығармашылық</td><td>Тақырыпты өзге қырынан аша білді</td><td>3</td></tr>
<tr><td></td><td>Жаңашылдық идея болды.</td><td>3</td></tr>
</table>
</td>
<td>АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы<br>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</td>
<td>Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? |

## III БӨЛІМ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 11** | | **Қатысқандар:** | **Қатысқандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Зерттеу жұмысы: Тарихтағы тұлғаның рөлі** | | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен әртүрлі көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;<br>2) тарихи деректердің әртүрлі типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;<br>3) әртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық жұмыс және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту (оқулықта берілген кестені пайдаланып орындайды). | | |

## §70-71. ЖАЗУ МЕН КІТАП БАСТЫРУ – АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 11** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **28-параграф. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері.**<br>**Зерттеу сұрағы: Адамзат тарихындағы алғашқы жазу қайда және қашан пайда болды?** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу;**<br>– жазу, сызудың шығу тарихымен танысады;<br>– адамзат тарихында алғашқы жазулар пайда болған елдерді біледі;<br>– адамзат тарихында алғашқы жазулардың пайда болған уақытын біледі;<br>– әлем елдерінің ежелгі жазуларын ажыратады;<br>– ежелгі жазулардың түрлерін жіктейді;<br>– ежелгі жазудың даму барысын талдайды;<br>- ежелгі жазудың даму нәтижесін анықтайды.<br>**11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау;**<br>– кітап басып шығарудың нәтижелерін анықтайды.<br>– алғашқы жазу мен кітап басып шығарудың адамзат өркениетінің дамуындағы маңызын анықтайды | |
| **Сабақтың мақсаты** | **SMART мақсат**<br>**Оқушылардың барлығы**<br>– жазу, сызудың шығу тарихы туралы мәлімет алады;<br>– адамзат тарихында алғашқы жазулар пайда болған елдерді біледі;<br>– жазу, сызудың әлем елдерінің мәдени дамуына тигізген ықпалын түсінеді;<br>– жазу, сызудың қол жеткізген жетістік түрлерін сипаттайды;<br>– кітап басып шығарудың тарихын біледі.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>– әлем елдерінің ежелгі жазуларын ажыратады;<br>– ежелгі жазулардың түрлерін жіктейді;<br>– ежелгі жазудың даму барысын талдайды;<br>– ежелгі жазудың даму нәтижесін анықтайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның мән-мағынасын ажыратады, жіктейді;<br>– ғылыми-техникалық революцияның ерекшеліктерін анықтайды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қоғам дамуындағы рөлін бағалайды | |

| | |
|---|---|
| | **Оқушылардың кейбір бөлігі:**<br>– жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері екендігін өзіндік көзқараспен саралап, өзара байланыстырып, тарихи тұрғыда сабақтастыра алады;<br>– қазіргі әлем елдерінің тілдік мәдениетінің болашақтағы дамуының балама жолдарын талқылайды;<br>– халықаралық тілдердің болашақ дамуы туралы өз өлшемдерін ұсынады. |
| **Бағалау критерийі** | 11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу; **Талдау.**<br>11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау; **Бағалау.**<br>**<u>Сабақтағы оқушының жетістіктерін бағалау критерийлері</u>**<br>**1. Талдау.**<br>– жазу, сызудың шығу тарихымен танысады;<br>– ежелгі жазулардың түрлерін жіктейді;<br>– жазу, сызудың қол жеткізген жетістіктерін сипаттайды, талдайды;<br>– ежелгі және қазіргі жазу мен кітап басып шығарудың белгілері қандай екендігін біледі, салыстырады;<br>– жазу мен кітап басып шығарудың қандай өзгерістерге ұшырағанын талдайды.<br>**2. Бағалау.**<br>– кітап басып шығарудың нәтижелерін анықтайды.<br>– алғашқы жазу мен кітап басып шығарудың адамзат өркениетінің дамуындағы<br>– маңызын анықтайды.<br>– әлем елдерінің тілдік мәдениетінің болашақтағы дамуының балама жолдарын талқылайды;<br>– ежелгі жазудың даму нәтижесін анықтап, әлем тілдерінің бүгінгі<br>– жетістіктермен байланыстылығын тұжырымдайды;<br>– жазу, сызудың қол жеткізген жетістіктерін бағалайды;<br>– ежелгі жазу мен сызудың заңды жалғасы болған ір елдің ұлттық<br>– тілдерінің , әлемдік тілдердің өркениеттің дамуына қосқан үлесін бағалайды;<br>– адамзат тарихы контексіндегі жазу мен кітап басып шығарудың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты орнатады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу.** | 2017 жылы **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасындағы міндеттердің бірі: |

| | |
|---|---|
| | **Білімнің салтанат құруы**<br>Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.<br>Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.<br>Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.<br>Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген.<br>Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.<br>Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.<br>Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді |
| **Пәнаралық байланыс** | **Қазақ тілі** пәні бойынша түркілердің руна ( көне түркі) жазуының жазылу тарихы, Орхон – Енисей өзендерінің бойындағы Бүлге мен Күлтегін қағандардың құрметіне тасқа жазылған көне түркі жазуларындағы түркілердің саяси тарихы туралы шығармалардың пайда болуы, **География** пәні бойынша ежелгі грек, рим, қытай жазулары табылған аймақтарды зерттеудің пайда болуы. |
| **Алдыңғы білім** | Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың рөлі.<br>Қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлі;<br>«Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» стратегияларының жүзеге асуы<br>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігі. |

**Сабақ барысы**

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Сұрақтарға жауап берейік<br>1. Қытайда ең алғаш кітаптар қай уақыта жазылды?<br>2. Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелерге, тақта тастарға қандай жазу жазылды?<br>3. Мысырда жазу материалы ретінде пайдаланылған құрал?<br>4. Шығыс және батыс алфавитінің бастауы болған ежелгі жазу?<br><br>Ойланайық, талқылайық<br>АКТ-мен жұмыс. Суретте адамзат тарихының 10 көне және ең маңызды жазу жүйесі топтастырылған. Кейбіреуі қолданыста бар, ал кейбіреулерінің сырын әлі ғалымдар ақыр аяғына дейін оқи алған жоқ. АКТ қолдану арқылы суреттегі жазуларды анықтап, тарихымен танысып, талдаңыз (оқулықтағы суреттерді пайдаланыңыз)</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Талдап, салыстырайық<br>Адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап басып шығарудың маңыздылығы. Кеше мен бүгінін бағалап, болашаққа ұсыныстар жасаңыздар.<br><br><table><tr><th>Кеше</th><th>Бүгін</th><th>Ертең</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Дәптерге орындайық<br>Қосымша деректерге сүйеніп кестені толтырыңыз (оқулықтағы кестені пайдаланыңыз)<br><br>Қолданып көрейік<br>Кітап басып шығару тарихын сипаттайтын екі сурет бойынша маңызды үш қорытынды шығарыңыз (оқулықтағы суреттерді пайдаланыңыз)<br><br>Ой бөлісейік<br>1. Қызықты деректер бойынша өз ойыңызды білдіріңіз! (оқулықтағы деректерді пайдаланыңыз).</td><td></td></tr>
</table>

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия:**<br>**Ой түйін:**<br>«Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушылар **«Адамзат тарихы контексінде жазу мен кітап басып шығару оң нәтиже әкелді ме?»** деген сұраққа тұжырым жасайды. | |

| **Саралау - сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
| --- | --- | --- |
| Саралау мақсатында оқушылардың қабілетіне қарай жеке тапсырмалар ұсыну, оқушылардың өздеріне таңдауға беру.<br>Саралау әдісі:<br>- топқа бөлінгенде;<br>- кестені,сызбаны,картаны толтырғанда;<br>- оқушылар өзін-өзі бағаланда;<br>- оқушы басқа оқушыдан, компьютерді пайдаланғанда, ақпараттық технологиялардан көмек алған кезде қолданылады. | Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындаған кезде,кесте толтырып болған кезде,топпен жұмыс істеп болған соң және жеке жұмыс істеп болған соң ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын.<br>Өзіндік рефлексия бірінші ұсынылған форматта немесе екінші форматта жүргізу мүмкіншілігі бар (мұғалімге қажет ақпарат оқушылардың қиналған тапсырмалары және жеке жетістіктері) | АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.<br>Уақыты шектеулі,сергіту тапсырмалары. |

| | |
| --- | --- |
| **Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы**<br><br>Сабақ мақсаттары / оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды ма, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз<br>Сабақ мақсаттары,ОМ қол жеткізу,саралау тапсырмаларын талдау мүмкіндігі.<br><br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту және оқу туралы ойлану)<br>Сабақтың жақсы өткен екі немесе үш аспектісі ( оқыту және оқу туралы ойлану)<br><br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік /қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет |
| **Үй тапсырмасы:** | **Эссе. Таңдау тақырыптары**<br>«Жаһандану заманындағы жазудың болашағы»;<br>«Адам мәдениетіндегі жазудың мәні»<br>«IT заманы- қағазға жазу мен қағаз кітаптарды ығыстыруы мүмкін бе?» |

## §72-74. МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ: ЕЖЕЛГІ ЗАМАННАН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

<table>
<tr><td colspan="2">Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 11</td><td>Қатысқандар:</td><td>Қатыспағандар:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="3">29-параграф. Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін<br>Зерттеу сұрағы: Адамзат тарихындағы алғашқы мектеп қайда және қашан пайда болды?</td></tr>
<tr><td>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</td><td colspan="3">11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау;<br>– ең ежелгі мектептердің шығу тарихымен танысады;<br>– ең ежелгі мектептер пайда болған елдерді біледі;<br>– әр елде ашылған ең ежелгі мектептерді ажыратады;<br>– ең ежелгі мектептердің түрлерін жіктейді;<br>– ең ежелгі мектептердің даму барысын талдайды;<br>– әр елде ашылған ең ежелгі мектептерде берілген білімнің нәтижесін анықтайды.<br>11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау;<br>– мемлекеттердің әлеуметтік- экономикалық даму барысындағы білім берудің рөлін біледі;<br>– білім берудің даму барысын талдайды;<br>– мемлекеттердің әлеуметтік -экономикалық даму барысындағы білім берудің нәтижелерін анықтайды.<br>– білім берудің адамзат өркениетінің дамуындағы маңызын анықтайды.<br>11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру.<br>– халықаралық білім беру жүйесінің жетістіктерін салыстырады;<br>– заманауи білім берудің үлгілерін саралайды;<br>– халықаралық білім стандарттарының артықшылықтарын талдайды;<br>– еліміздегі зияткерлік мектептер туралы білетін мәліметтерін тұжырымдайды.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="3">SMART мақсат<br>Оқушылардың барлығы<br>– әлем елдердің ежелден қазіргі заманға дейін білім саласында жеткен жетістік түрлерін сипаттайды;<br>– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білімнің рөлін бағалайды;<br>– білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін, олардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын саралайды;<br>– адамзат тарихы контексіндегі мектептегі білімнің дамуындағы өзгерістер мен сабақтасты туралы талдайды;<br>Оқушылардың басым бөлігі:<br>– әлем елдердің ежелден қазіргі заманға дейін білім саласын ажыратады;<br>– мектепте білім берудің елдің дамуына тигізген ықпалын жіктейді;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | – әр елдің мектептерінің даму барысын анықтап,  талдайды;<br>– мектептердің дамуының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды;<br>**Оқушылардың кейбір бөлігі:**<br>– мектептегі білімнің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты саралап, өзара байланыстырып,    тарихи тұрғыда сабақтастыра алады;<br>– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білімнің рөлін тұжырымдайды;<br>– білім берудің қазіргі заманғы үлгілерін, олардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтау арқылы салыстыра отырып, балама жолдарын  ұсынады;<br>– әлемдік білім берудің болашақ дамуы туралы өз болжамдарын талқылайды.. |
| **Бағалау критерийі** | 11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау; **Талдау.**<br>11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау; **Бағалау.**<br>11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның  ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру. **Жинақтау.**<br>**<u>Сабақтағы оқушының жетістіктерін бағалау критерийлері</u>**<br>**1. Талдау.**<br>– ең ежелгі мектептердің шығу  тарихымен танысады;<br>– ең ежелгі мектептер пайда болған елдерді  біледі;<br>– әр елде ашылған ең ежелгі мектептерді ажыратады;<br>– ең ежелгі мектептердің түрлерін жіктейді;<br>– ең ежелгі мектептердің даму барысын талдайды;<br>– әр елде  ашылған ең ежелгі мектептерде берілген білімнің нәтижесін анықтайды.<br>**2.Бағалау.**<br>– мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы білім берудің рөлін дәлелдейді;<br>– білім берудің даму барысын бағалайды;<br>– мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы білім берудің нәтижелерін  түсіндіреді.<br>– білім берудің адамзат өркениетінің дамуындағы маңызына қорытынды жасайды.<br>**3. Жинақтау.**<br>– халықаралық білім беру жүйесінің жетістіктерін жинақтайды;<br>– заманауи білім берудің үлгілерін жинақтайды;<br>– халықаралық білім стандарттарының артықшылықтарын топтастырады;<br>– еліміздегі  зияткерлік мектептер туралы білетін мәліметтерін тұжырымдайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді. |

| | |
|---|---|
| | – Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу.** | 1999 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы қабылданды.<br>2007 жылы 27 шілдеді Қазақстан Республикасының « Білім туралы» заңы қабылданды.<br>«Білім туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырады.<br>Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы — республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге арналған заң.<br>Білімді, бәсекеге қабілетті, алған білімін өмірде қолдана алатын, жан- жақты, заман талабына сай идеяшыл ұрпақты тәрбиелеу мақсатында білімге деген құрметке тәрбиелеу.<br>**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мәдениет, ғылым, білім саласындағы бағдарламалары:**<br>1993 жылы **«Болашақ»** халықаралық степендиясы қабылданды.<br>2004 жылы «**Мәдени мұра**» бағдарламасы қабылданды.<br>2016 жылы **«Мәңгілік ел!» патроттық актісі** қабылданды.<br>2017 жылы **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасы қабылданды.<br>2018 жылы **«Ұлы даланың жеті қыры»** мақаласы жарияланды.<br>2017 жылы **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасындағы міндеттердің бірі: |
| | 2017 жылы **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** бағдарламасындағы міндеттердің бірі:<br>**Білімнің салтанат құруы**<br>Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.<br>Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.<br>Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.<br>Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген.<br>Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.<br>Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.<br>Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | **Қазақ әдебиеті** пәні бойынша қазақ даласында алғаш ашылған мектептердің пайда болуы,мектептердегі оқытылған пәндер. Мектептер ашып, білімді дамытуды қолға алған тұлғалар**. Дүниежүзі тарихы бойынша** пәні бойынша алғашқы мектеп ашып, білімді дамытуды қолға алған елдер. |
| **Алдыңғы білім** | Алғашқы жазудың пайда болуы. Алғашқы кітап басып шығару. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сұрақтарға жауап берейік**<br>1.Орта ғасырларда білім беру ерекшеліктері қандай болды?<br>2. Неліктен адами капиаталды дамыту – экономикалық өркендеудің негізін қалаушы фактор?<br>3. Қарқынды дамып келе жатқан жаһандану заманында білім беру қалай өзгеріп жатыр: дәлелдеңіз<br>4.Қазіргі уақытта әлемдік білім беру процесінде білім берудің қандай негізгі модельдері бар?<br>5.Қашықтықтан оқыту адамдар үшін қандай мүмкіндіктер береді?<br><br>**Ойланайық, талқылайық**<br>«XX ғасыр ортасында атақты ғалым В.М.Глушков: ЭЕМ желілері мен оларға терминал арқылы байланысу жүйелерінің дамуы келесі ғасыр басында техникалық жағынан жетілген елдерде ақпараттың басым бөлігі, бірінші кезекте, ғылыми-техникалық, экономикалық, саяси-әлеуметтік мәліметтер қағазсыз күйде – ЭЕМ жадында саақталады. Соның салдарынан XXI ғасыр басында осындай ақпаратты пайдалана алмайтын адам XX ғасыр басындағы оқи да жаза да алмайтын жанға ұқсас болады...», - деді. Сіз В.М.Глушковтың сөзінің мағынасын ашыңыз. Осы сөзбен қаншалықты келісесіз? Өз жауабыңызды дәйектеңіз. | Әдебиеттер тізімі<br><br>1. Хуторской А. В. «Компетентностный подход в обучении». Научно-методическое пособие. - М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2013.– 73 с.:ил. (Серия «Новые стандарты»).<br>2. Герберт Спенсер Воспитание умственное, нравственное и физическое. – Издательство Либреком, 2013. – 230 с |

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td>3. Мария Монтессори. Дом ребенка.– М.: Астрель, АСТ, 2005.-272 с.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Талдап, салыстырайық<br>1. Суреттерге қарап, мектептердің ерекшеліктерін сипаттаңыз (оқулықтағы суреттер мен кестені пайдаланыңыз).<br><br>Дәптерге орындайық<br>Сөзжұмбақты шеш<br>1. 1986 жылы екі күндік лекция оқыған және сол еңбегі үшін 3 млн доллар алған адам :<br>2. 5 ең төменгі және 1 ең жақсы баға деп есептелетін ел:<br>3. Балаларды этикаға үйрету үшін 77,5 мың стерлинг төлейтін мектеп: Айвлоа Спенсер<br>4. Ең биік мектеп : .....<br>5. 2003 жылы австралиялық Ледам мектебінде биология пәнінен 54 сағаттық лекция өткізді:<br>6. Жоғары сынып оқушылары 5-7 жұмаға ауыл шаруашылығына практикаға баратын ел:<br>7. Сабақты мұғалім және оның көмекшісі өткізетін ел:<br>8. Оқушыларға 8 сыныпқа дейін баға қоймайтын ел:<br>9. Оқушылардың саны ең көп Ментессори мектебіорналасқан қала:<br><br>Қолданып көрейік<br>Мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліетері мен артықшылықтарын анықтай отырып, салыстырыңыз (оқулықтағы кестені пайдалану)<br><br>Ой бөлісейік<br>1. Білім берудің маңыздылығы жөнінде өзара ой бөлісіп, PEST-талдау жасаңыз<br>
<table>
<tr><td>P-қоғамның саяси дамуына ықпалы</td><td>S-қоғамның әлеуметтік дамуына ықпалы</td></tr>
<tr><td>E-қоғамның экономикалық дамуына ықпалы</td><td>T-қоғамның технологиялық дамуына ықпалы</td></tr>
</table>
<br>2. ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтардағы кезекті «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауындағы 4-ші басымдықта – адами капитал сапасын жақсарту қажет деп аталынып кетті. Мұны іске асырудың ең тиімді жолы қандай деп ой айта аласыз?</td><td>Әдебиет тізімі<br>1. Хуторской А. В. Компетентностный подход в обучении. Научно-методи-ческое пособие. – М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Инсти-тута образования человека, 2013.-73 с. (Серия «Новые стандарты»).<br>2. Герберт Спенсер. Воспитание умст-венное, нравст-венное и физии-ческое. – М.:Изда-тельство Либреком, 2013.-230 с.<br>3. Мария Монтессори. Дом ребенка.– М.: Астрель, АСТ, 2005. – 272 с.<br>4. Elibrarry.RU http://www.elibrary.ru<br>5. Қазақстандық ұлттық электронды</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td>кітапхана. http://www.kazneb.kz<br>6. Ұлт жоспары – бес институцио-налдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 ма-мырдағы Бағдарла-масы .http://adilet.-zan.kz/kaz/docs/K1500000100<br>7. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетіл-діру арқылы білім экономикасына. // Егемен Қазақстан. – № 115 (24368).</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Рефлексия: БББ кестесі<table><tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Білдім</td></tr></table></td><td></td></tr>
</table>

| **Саралау - сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| Саралау тапсырмалары,жұптық жұмыс:, мықты оқушылар әлсіз оқушыларға қолдау көрсетеді, үлгерімі әлсіз оқушылар мұғалім тарапынан қолдау алады.<br>Оқушыларды топқа бөлу, сөздердің мағынасын ашу арқылы термин сөздермен жұмыс жасау негізінде сөздік қорларын дамыту және сабақта пайдалануына мүмкіндік беру. Ойын жеткізе алуына қолдау көрсету.<br>1. Оқушылар берілген тапсырманы орындайды.<br>2. Сабақ барысында оқушылар өзіндік ой түйіп, пікірі қалыптасады. Кластерді толтырады.<br>3. Оқушылар сабақ барысында алған білімдерін пайдаланып өз ойын ашық, дәлелді жеткізе алады, постерді құрастырып қорғайды. | Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындаған кезде,кесте толтырып болған кезде,топпен жұмыс істеп болған соң және жеке жұмыс істеп болған соң  ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын.<br>Әр тапсырма сайын бағалау, қолдау көрсету, ынталандыру, ауызша кері байланыс<br>жекелей, жұптық, топтық<br>Өзін – өзі, жұбын, топтық, топтардың бірін – бірі бағалауы, қалыптастырушы бағалау парағы<br>– Джигсо әдісі<br>– «Бағдаршам» әдісі<br>– «Галереяға саяхат» | АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.<br>Оқушыларға сабақ барысында дұрыс отыруын қадағалау;<br>Бөлмені желдету,<br>ИБТ-да жұмыс жаса-ғандағы техника қауіпсіздік ережелерін сақтау; |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы**<br>Сабақ мақсаттарын емес оқу мақсаттары шынайы, қол жетімдіболдыма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қолжеткіздіме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз<br><br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім?<br>Оқыту үдерісінде барлық оқушыларды қатыстыру үшін түрлі әдістерді пайдалануды жоспарладым. |
| **Үй тапсырмасы:** | **«Білімді ұрпақ – ел болашағы!»** атты шағын эссе жазу. |



## §75-78. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 11** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | **Жоғары білім беру жүйесі : өткені мен бүгіні**<br>**Зерттеу сұрағы:** «Университет маған көп нәрсені, әсіресе  адамдармен сөйлесу мүмкіндігін берді.» **Джордж Стивенс Мур** |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу;** Талдау<br>– жоғары оқу орындарының пайда болу тарихымен танысу;<br>– ең алғашқы жоғары оқу орындары пайда болған елдерді білу;<br>– жоғары оқу орындарының даму барысын талдау;<br>– жоғары оқу орындарының ортақ даму тенденцияларын ажырату, жіктеу;<br>**11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау;** Бағалау<br>– мемлекеттердің даму барысында ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін білу, талдау;<br>– ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің нәтижелерін анықтау.<br>– алғашқы университеттердің адамзат өркениетінің дамуындағы маңызын анықтау.<br>**11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау;** Қолдану<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды айқындау;<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды ажырату;<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды білім алу барысында қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | **SMART мақсат**<br>**Оқушылардың барлығы**<br>– жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтап сипаттайды;<br>– жоғары оқу орындарының елдің әлеуметтік – экономикалық дамуындағы рөлін бағалайды;<br>- жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын саралайды;<br>– жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын талдайды;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>– жоғары оқу орындарының даму тенденцияларының мән- мағынасын ажыратады;<br>– жоғары оқу орындарының елдің дамуына тигізген ықпалын жіктейді;<br>– әр елдің жоғары оқу орындарының даму барысын анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды;<br>**Оқушылардың кейбір бөлігі:**<br>– әр елдің жоғары оқу орындарындарының өткені мен бүгінін саралап, өзара байланыстырып, тарихи тұрғыда сабақтастыра алады;<br>– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жоғары оқу орындарының рөлін тұжырымдайды;<br>– жоғары оқу орындарының ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтау арқылы салыстыра отырып, балама жолдарын ұсынады;<br>– халықаралық жоғары оқу орындарының болашағы туралы өз болжамдарын талқылайды. |

| | |
|---|---|
| | – жоғары оқу орндарының дамуындағы өзгерістердің себеп- салдарын анықтап,қорытынды жасап, дамуына баға береді |
| **Бағалау критерийі** | 11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу; **Талдау.**<br>11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау; **Бағалау.**<br>11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау; Қолдану<br>11.4.1.9 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау; **Жинақтау.**<br>**<u>Сабақтағы оқушының жетістіктерін бағалау критерийлері</u>**<br>**1. Талдау.**<br>– жоғары оқу орындарының пайда болу тарихымен танысады;<br>– жоғары оқу орындары пайда болған елдерді біледі;<br>– әр елде ашылған жоғары оқу орындарын ажыратады;<br>– алғашқы жоғары оқу орындарының түрлерін жіктейді;<br>– алғашқы жоғары оқу орындарының даму барысын талдайды;<br>– әлем елдеріндегі алғашқы жоғары оқу орындарының нәтижесін анықтайды.<br>**2.Бағалау.**<br>– мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы алғашқы жоғары оқу орындарының рөлін дәлелдейді;<br>– алғашқы жоғары оқу орындарының даму барысын бағалайды;<br>– мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы алғашқы жоғары оқу орындарының нәтижелерін түсіндіреді.<br>– алғашқы жоғары оқу орындарының адамзат өркениетінің дамуындағы маңызына қорытынды жасайды.<br>**<u>3.Қолдану.</u>**<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды зерттейді;<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды жіктейді;<br>– тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды білім алу барысында қолданады.<br>**4. Жинақтау.**<br>– заманауи халықаралық жоғары оқу орындарының жетістіктерін жинақтайды;<br>– халықаралық жоғары оқу орындарының артықшылықтарын топтастырады;<br>– еліміздегі жоғары оқу орындарының білім берудегі жетістіктерін тұжырымдайды |
| **Тілдік мақсаттар** | Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс. |

| | |
|---|---|
| | Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу.** | **«Жастардың терең білімі, кәсіби алғырлығы мен жоғары біліктілігі ұлттық мүддеге қызмет керек» Н.Ә.Назарбаев**<br>1993 жылы **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың білім саласындағы бағдарламасы «Болашақ»** халықаралық степендиясы қабылданды.<br>2013 жылы «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 20 жылдығына арналған форум өтті. Онда Қазақстан Республикасының Президенті «Болашақ» – біздің сенімді стратегиялық таңдауымыз» атты баяндама жасады.<br>Бүгінде бағдарламаға қатысушылар қатары 10 мың адамнан асты. «Болашақ» бағдарламасы еліміздің дамуында зор рөл атқарды. Ең алдымен, олар – экономика, білім, ғылым, денсаулық сақтау, ұлттық мәдениет пен өнер салалары үшін жаңа кадрлар. Бағдарлама түлектерінің әрбір екіншісі бүгінде жекеменшік және мемлекеттік секторлардағы Қазақстан компанияларында жұмыс істейді. 19 пайызы – ұлттық компаниялар менеджерлері. 4 пайызға жуығы – халықаралық ұйымдарда, сондай-ақ, Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарында еңбек етеді. Жалпы, түлектердің төрттен үші экономиканың нақты секторында және азаматтық қоғам институттарында қызмет атқарады. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда «болашақтықтардың» 25 пайызға жуығы еңбек етуде. Соның ішінде, мемлекеттік басқару жүйесінде жүргендері – барлық түлектердің 19 пайызы. Бүгінде «Болашақ» бойынша 2 мыңға жуық инженер-техник мамандар даярланды. Олар – инновациялық жобалар мен технологиялар, металлургия, телекоммуникация, энергетика салаларының қызметкерлері. Индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру – Қазақстанды шикізаттық тәуелділіктен алып шығатын мүлде жаңа кәсіпорындарды құру. |
| **Пәнаралық байланыс** | **Қазақ әдебиеті** пәні бойынша патшалық Ресей империясының құрамында болғанда әр түрлі жоғары оқу орындарында білім алған қазақ зиялылары туралы мағлұмат. **Дүниежүзі тарихы** бойынша пәні бойынша алғаш жоғары оқу орындары ашылған, жоғары білімді дамытуды қолға алған елдер туралы мәлімет. **Физика** пәні бойынша физикадағы жаңалықтар мен физикалық заңдылықтарды ашқан ғалымдардың жасаған тәжірибесі туралы деректер. **Химия** және **биология** пәндері бойынша сол салада ашылған жаңалықтар туралы мәліметтер. |
| **Алдыңғы білім** | Алғашқы мектеп ашылған елдер. Алғашқы мектептерде оқытылған пәндер. Тарихи даму барысында мектептердің дамуында болған өзгерістер. Экономикасы озық дамыған елдердегі білім беру жүйесі. Білім туралы заң. Зияткерлік мектептер. |

## Сабақ барысы

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>
Сұрақтарға жауап берейік<br>
1. Ежелгі Грекиядағы алғашқы мектепті кім ашты?<br>
2. Жердің күнді айналатындығын алғаш рет болжаған кім?<br>
3. Кембридж университеті қалай пайда болды?<br>
4. QS World University Ranking әлемдегі ең үздік ЖОО рейтингісін құрастырушылар университеттердің рейтингісін қандай индекатор бойынша анықтайды?<br>
5. Қазақстан Республикасының Болон процесіне қатысудағы мақсаты қандай?<br>
<br>
Ойланайық, талқылайық<br>
QS World University Ranking әлемдегі ең үздік ЖОО рейтингісін құрастырушылар университеттердің рейтингісін алты индикатор бойынша бағалайды: зерттеушілік, білім сапасы, жұмыс берушінің пікірлері, мансаптық әлеуеті, шетелдік студенттер саны, оқытушылардың саны. Келесі сұрақтарды талқылаңыз:<br>
1. Қай 3 индикатор ең маңызды деп ойлайсыз? Неліктен?<br>
2. Сіз тағы қай индикаторды қосар едіңіз? Неліктен?<br>
3. Әр индикатордың ЖОО рейтингі үшін маңыздылығы қандай? Неліктен?<br>
<br>
Талдап, салыстырайық<br>
1. Көрсетілген сызба бойынша әр модельдің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаңыз. Оларды маңыздылық дәрежесі бойынша орналастырыңыз ( оқулықтағы кестені пайдаланыңыз)<br>
2.Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдаңыз<br>
<br>
<table>
<tr><td>Университет</td><td>сипаттамасы</td><td>ағартушылықты өрістетудегі рөлі</td><td>ғылымды өрістетудегі рөлі</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
</table>

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **Дәптерге орындайық**<br>«Жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденциялары» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізіп, эссе жазыңыз.<br>ПТМС-формуласын қолданыңыз*:*<br>1. Позиция (Менің ойымша…)<br>2. Түсінік беру (Өйткені…)<br>3. Мысал беру (4 мысал)<br>4. Салдары (Қорытындылай келе, …. салдары …)<br><br>**Қолданып көрейік**<br>Университет кеше/ бүгін/ ертең тақырыбы бойынша сызба дайындаңыз.<br>1) Университеттердің дамуындағы өзгерістер<br>2) Университеттердің дамуындағы сабақтастықтар<br>3) Осы тақырыпқа менің қатысым және менің пікірім.<br>4) Осы тақырыптың менің тұратын мекенім үшін және маған әсері.<br>5) Әлем деңгейінде бұл тақырыптың маңыздылығы, мәселелері және оларды шешу жолдары<br><br>**Ой бөлісейік**<br>1. Табысты болу үшін, жетістікке жету үшін диплом алу әлде білім алу міндетті ме, ойланып көріңіз.<br>2. Болон жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ізденіп көр.<br>3. Төменде келтірілген цитататлармен қаншалықты келісесің:<br>1) «Университет - әмбебап білім берудің орны» (Дж.Ньюмен).<br>2) «Университеттің бастапқы және орталық функциясы негізгі мәдениеті маңызды пәндерді оқыту болып табылады» (Ортега – и – Гассет).<br>3) «Мектептер мен университеттерде оқығанымыз - бұл білім емес, білім алудың тәсілі ғана» (Ральф Уолдо Эмерсон). | 1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.- Алматы, Атамұра,1999.- 296 б.<br>2. «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» — ҚР Президенті Н.Ә. Назар-баевтың Қазақстан халқына 2014 жыл-ғы 17 қаңтар-дағы Жолдауы.<br>3. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. - Алматы, 2003.- 453 б.<br>4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Алматы, ҚАЗ Ақпарат, 2003.- 404 б. |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| | | 4. Фролов С.С. Социология образования. – М.: Наука, – 350 с.<br>5. Добреньков В., Кравченко А. Социология. – М.: Академический проект, 2009. – 320 с.<br>6. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004. – 52 б. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия:** «Анкета».<br>Сабақ ұнады\ұнамады. Себебі....<br>Тақырып маңызды\маңызды емес. Себебі....<br>Сабақта қолданған әдістер ұнады\ұнамады. Себебі...<br>Келесі сабаққа тілегім .... | |

<table>
<tr>
<td>Саралау - сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?<br>Саралау жұмысы – талдау, бағалау тапсырмаларының орындалуына байланысты болды.<br>Саралау тапсырмалары,жұптық жұмыс:, мықты оқушылар әлсіз оқушыларға қолдау көрсетеді, үлгерімі әлсіз оқушылар мұғалім тарапынан қолдау алады.<br>Оқушының дағдылары мен деңгейін ескеріп, тапсырманы орындау стратегияларын, үлгілерін, мысалдарын, ресурстарын, электронды ресурстар ұсыну</td>
<td>Бағалау оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?<br><br>Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындаған кезде,кесте толтырып болған кезде,топпен жұмыс істеп болған соң және жеке жұмыс істеп болған соң  ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын.<br>Оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін, өзінің білімдеріне қаншалықты сенімді екендігін байқау және ынталандыру мақсатында «Ойды аяқта»...әдісін қолдануға болады.<br>Әр оқушыға стикер таратылады. Оқушылар толтырып тақтаға іледі.<br>Бағалау критерийлеріне сай қалыптастырушы бағалау жүргізіледі:<br>– Топтық  жұмысты оқушылардың бағалауы;<br>– Жұптық жұмыста бір-бірін бағалау;<br>Оқушылардың жеке жауабына мұғалімнің баға беруі.</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау<br><br><br>АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.<br>– техника қауіпсіздігіне мән беру;<br>– бөлмені желдету;<br>– оқушылардың дұрыс отырыуын қадағалау.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы<br>Сабақ мақсаттарын емес оқу мақсаттары шынайы, қол жетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қолжеткіздіме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</td>
<td colspan="2">Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз<br><br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім?<br>Оқыту үдерісінде барлық оқушыларды қатыстыру үшін түрлі әдістерді пайдалануды жоспарладым.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы:</td>
<td colspan="2">Ұлттық құндылықтарға бағыттау мақсатында - Дебатқа дайындалу.<br>Келесі сабақта жереби арқылы таңдау. Мазмұны ұқсас тақырыптар:<br>1. «Қараңғы қазақ көгіне,<br>Өрмелеп шығып күн болам.<br>Қараңғылықтың кегіне,<br>Күн болмағанда кім болам» .<br>С.Торайғыров.<br>2. «Мен балаларды оқытуға аш қасқырдай кірістім...».<br>Ы.Алтынсарин.<br>3. «Қазақ халқы үшін Бостандық. Теңдік. Туысқандық!  күні туды».<br>Ә.Бөкейханов</td>
</tr>
</table>

## §79-81. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

<table>
<tr><td colspan="2">Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:</td><td colspan="2">Мектеп:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні:</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 11</td><td>Қатысқандар:</td><td>Қатыспағандар:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="3">Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері<br>Өнеркәсіп төңкерісі», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдары.<br>Зерттеу сұрағы: өнеркәсіп төңкерісінің қазіргі заман өркениетінің дамуындағы орны ....</td></tr>
<tr><td>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</td><td colspan="3">11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану;<br>– Еуропа елдерінің қоғамдық құрылысындағы өзгерістерді түсіндіру:<br>– өнеркәсіп төңкерісінің мағынасын сипаттау,<br>– өнеркәсіп төңкерісі нәтижесінде экономикалық дамуда болған өзгерістерді анықтау;<br>– ғылыми-техникалық революция ұғымының мағынасын ажырату;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің ғылыми-техникалық революцияға ұштасуының барысын талдау.<br>11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау;<br>– XVII - XVIII ғасырлардағы буржуазиялық революциялардың ғылыми-техникалық революцияға ықпалын анықтау;<br>– ғылыми-техникалық революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы рөлін бағалау.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="3">SMART мақсат<br>Оқушылардың барлығы<br>– өнеркәсіп төңкерісі туралы мәлімет алады:<br>– өнеркәсіп төңкерісінің жетістіктерін біледі;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің әлем елдеріне тигізген ықпалын түсінеді;<br>– өнеркәсіпте қол жеткен жетістік түрлерін сипаттайды.<br>Оқушылардың басым бөлігі:<br>– ғылыми-техникалық революцияның мән-мағынасын ажыратады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның ерекшеліктерін анықтайды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қоғам дамуындағы рөлін болжайды және бағалайды.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | **Кейбір бөлігі:**<br>– өнеркәсіп төңкерісі мен ғылыми-техникалық революцияны өзара байланыстырып, тарихи тұрғыдан сабақтастыра алады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның түрлерін жіктей алады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның балама жолдарын ұсынады;<br>– ғылыми-техникалық революцияны бағалағанда өзіндік критерийлер ұсынады. |
| **Бағалау критерийі** | <u>**Сабақтағы оқушының жетістіктерін бағалау критерийлері**</u><br>**1. Талдау.**<br>– өнеркәсіп төңкерісінің шығу тарихымен танысады;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің түрлерін жіктейді;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің жетістіктерін біледі;<br>– ғылыми-техникалық революцияның бүгінгі ғылмдағы жетістіктермен байланыстылығын тұжырымдайды.<br>**2. Түсіну.**<br>– өнеркәсіп төңкерісі туралы біледі;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің тарихын түсіндіреді;<br>– өнеркәсіп төңкерісі мен ғылыми-техникалық революцияның адамзат өркениетінің дамуындағы маңызын анықтайды;<br>– өнеркәсіп төңкерісі мен ғылыми-техникалық революцияның адамзат өркениетінің дамуындағы орнын ажыратады.<br>**3. Бағалау.**<br>– өнеркәсіп төңкерісінің нәтижелерін ажыратады;<br>– өнеркәсіп төңкерісінің барысын сатылап орналастырады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қолдану тәсілдерін, топтастырып, жинақтайды; |
| **Тілдік мақсаттар** | **1** Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді.<br>– Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады) |
| **Құндылықтарға баулу.** | *«Бұл – адам үшін кішкенен ғана қадам, бірақ күллі адамзат үшін қарыштап алға қарғу».* Нил Армстронг<br>Өнеркәсіп төңкерісі – бірінші революция.<br>Өнеркәсіп төңкерісі неге алып келді? |

| | |
|---|---|
| | 1.феодализмнің қалдықтарының жойылуына;<br>2. капитализмнің алғышартының қалыптасуына;<br>3. еңбек өнімділігінің артуына;<br>4. сауданың жандануына;<br>5.  табыстың ұлғаюына ;<br>6. экономиканың дамуына;<br>7.сауатты адамдардың үлкен тобының қалыптасуына;<br>8. техникалық білімнің қалыптасуына;<br>9. индустриялық-инновациялық өркениетке . |
| **Пәнаралық байланыс** | ***География*** пәні бойынша Еуропа елдеріндегі  алғашқы бу машинасы, тігін машинасы, паровоздар, кеменің пайда болуы. **Физика** пәні бойынша денелердің жерге тартылысы, жердің күнді айналатыны, инерция заңы, гидростатиканың негізі туралы теориялар мен зерттеулердің пайда болуы. **Қазақстан тарихы** пәні бойынша  кесене, күмбез, мешіт, моншалардың физикалық өлшеммен салынуы. **Қазақ әдебиеті**  пәні бойынша шығыстың ақын, жазушы , ғалымдарының ғылыми еңбектерінің пайда болуы |
| **Алдыңғы білім** | – Білімнің үздіксіздігі. Алғашқы университеттер. Ағарту мен ғылымның дамуында университеттердің қосқан үлесі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сұрақтарға жауап берейік**<br>**1.** Луддашылар дегеніміз кімдер?<br>**2.** Футурологтар дегеніміз кімдер...<br>**3.** Платон, Аристотель, Нострадамусты не байланыстырады?<br>**4.** Концепт сөзінің мағынасы қандай?<br>**5.** Ғылымның, техниканың дамуы қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі нашарлатып, жұмыссыздықтың пайда болуына әсер етті ме?<br><br>**Ойланайық, талқылайық**<br>1. Тақырыппен байланыстырып суреттің мазмұнын ашыңыз (оқулықтағы суретті қолданыңыз). | |
| **Сабақтың ортасы** | **Талдап, салыстырайық**<br>1. Өнеркәсіп төңкерісінің нәтижесінде пайда болған үш негізгі ғылыми мәселені және нәтижесін талдаңыз.<br>2. Информатика пәнінен алған біліміңізге сүйеніп, жасанды интеллектінің тиімді, тиімсіз жақтарын талдаңыз.<br>3. Қажетті атауларды пайдалану арқылы өзгерістердің әлемдік дамуға қаншалықты жаңашылдық әкелгенін талдаңыз (оқулықтағы суретті қолдану) | **Әдебиет тізімі**<br>1. Н.Ә. Назар-баев. Ғаламдық қоғамдастықты |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| | **Дәптерге орындайық**<br>1. Мысал келтіру арқылы ҒТР- ның қалыптасу жолдарын анықтаңыз (оқулықтағы кестені пайдаланыңыздар<br>2. Өнеркәсіптік төңкерістің нәтижесінде ғылыми-техникалық революция жоғары дамыды деген критерийге қандай бағалау бересіз. 3 дәлел келтіріңіз:<br><br>**Қолданып көрейік**<br>1. Кестені толтырыңыздар.<br>2. Өнеркәсіптік революцияның Англияда басталуының себебін Венн диаграммасы бойынша талдаңыз (оқулықтағы диаграмманы қолдану)<br><br>**Ой бөлісейік**<br>1. Өнеркәсіп дамыған сайын әлеуметтік дағдарыстар шиеленісе түседі. Карл Маркстің пікірі туралы өз көзқарасыңызды білдіріңіз: «Өнеркәсіп дамыған сайын өнімнің өзіндік құны барған сайын арзандап, есесіне - мыңдаған жұмысшы қайыршылыққа ұшырайды»<br>2. Цифрлану революция ма, әлде дамудың жаңа сатысы ғана ма?<br>3. Ғылыми-техникалық революцияның қоғамдық өмірдің барлық саласына тигізген әсерін бағалаңыз. Бағалау критерийлері:<br>1) ҒТР-ның күшті тұстарын талдау;<br>2) ҒТР-ның әлсіз тұстарын талдау;<br>3) ҒТР-ның мүмкіндіктерін талдау;<br>4) ҒТР-ның қауіп-қатерлерін талдау;<br>5) Тақырып бойынша қорытынды шығару .<br>6) Тақырыпты бүгінгі күнмен байланыстыру. | түбегейлі жаңар-ту стратегиясы және өркениет-тер серіктес-тігі.2012 ж.<br>2. Назарбаев Н.Ә. Без пра-вых и левых.- 1991 ж.<br>3. Н.Ә. Назар-баев. Нарық және әлеумет-тік- экономи-калық даму» 1994<br>4. Шваб К. Төртінші индустриялық революция.- 2016ж.<br>5.Томас Гриф-фини «Менедж-мент», 1984 ж.<br>6. Жапонияның ғылым жүйесі, Дархан Өмір-бек, el.kz<br>7. Камю А. Бунтующий человек. – М.,1991. 4.<br>8. Маркузе Г. |

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Одномерный человек. – М., 1994.<br>9. Несбитт Дж., Эбурдин П. Что нас ждет в 90-е годы. Мегатенденция. Год 2000. – М., 1992.<br>10. Хайдеггер М. Бытие и время. – М., 1997.<br>11. Предупреждение человечеству. Декларация ученых по глобальным проблемам // Человек. – 1993. - №5.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>«Инсерт» әдісін қолданып бағаладым
<table>
<tr><th>«V»<br>Бұрыннан білемін</th><th>+<br>Жаңа ақпарат</th><th>–<br>Менің ойлағаныма кереғар қайшы</th><th>?<br>Келісе алмаймын,білгім келеді.</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
</table>

| Саралау - сіз қосымша көмек көрсетуді қалай | Бағалау – Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді | Денсаулық және |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?**<br>Оқу мақсатына байланысты оқушыларға тапсырмалар денгей бойынша беріледі.<br>(жеке, жұппен, топпен)<br>- тарихи сатылай кешенді талдау,<br>- кескін картамен жұмыс,<br>- кесте толтыру тапсырмасы түрлі деңгейде сараланып берілді. | **қалай жоспарлайсыз?**<br>Сабақ үстінде әрбір тапсырмаларды орындаған кезде , кесте толтырып болған кезде, топпен жұмыс істеп болған соң , жеке жұмыс істеп болған соң, ауызша немесе жазбаша түрде орындағандарын қадағалаймын. | **қауіпсіздік техникасын сақтау**<br><br>АКТ-ны тиімді уақыт көлемінде қолдану.<br><br>Интербелсенді тақтада жұмыс жасаған кезде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| ***Сабақ бойынша мұғалім немесе бақылаушы рефлексиясы***<br>*Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?*<br>*Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме?Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?* | *Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.*<br><br>**Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?**<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері мен қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?<br>**Сэндвич» әдісі**<br>1. Нені жақсарту<br>2. Қалай жақсарту керек<br>3. Маған ұнады бірақ келесіде.... | |

## §82-84. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ЖАҺАНДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 11** | | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **32-параграф. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары**<br>**Зерттеу сұрағы:** Кейбір елдердің озық жетістікке жетуіне қандай факторлар әсер етті...Табиғи ресурстар ма, | | |

| | |
|---|---|
| | әлде мемлекеттің басқару жүйесі ма, немесе ғылымды дамытуға қаржының көп бөлінуі ме.. |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану;**<br>– әлем елдерінің дамуындағы «өнеркәсіп төңкерісінен» бастау алатын әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру;<br>– ғылыми-техникалық революция ұғымының мағынасын ажырату;<br>– ғылыми-техникалық революцияның даму барысын талдау;<br>– ғылыми-техникалық революцияның нәтижелерін анықтау.<br>**11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогрестің әсерін зерттеу;**<br>– әлем елдерінің дамуындағы қазіргі ғылыми-техникалық революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау;<br>– әлем елдерінің қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің туындауына тигізіп отырған ықпалын саралап, талдау;<br>– қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің тигізген ықпалын анықтау;<br>**11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау.**<br>– қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлін анықтау;<br>– қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын, түрлерін көрсету;<br>– қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің ықтимал жолдарын талдау;<br>– ғылыми-техникалық революцияны ықтимал жолдарын болжағанда өз идеяларын ұсынады. |
| **Сабақтың мақсаты** | **SMART мақсат**<br>**Оқушылардың барлығы**<br>– ғылыми-техникалық революция туралы мәлімет алады:<br>– ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін біледі;<br>– ғылыми-техникалық революцияның әлем елдеріне тигізген ықпалын түсінеді;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қол жеткізген жетістік түрлерін сипаттайды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>– ғылыми-техникалық революцияның мән-мағынасын ажыратады, жіктейді;<br>– ғылыми-техникалық революцияның ерекшеліктерін анықтайды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қоғам дамуындағы рөлін бағалайды. |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір бөлігі:**<br>– ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін өзара байланыстырып, тарихи тұрғыдан сабақтастыра алады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның балама жолдарын ұсынады;<br>– ғылыми-техникалық революцияны ықтимал жолдарын болжағанда өз критерийлерін ұсынады. |
| **Бағалау критерийі** | 11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану; Талдау.<br>11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу; Түсіну.<br>11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау. Бағалау.<br>**Сабақтағы оқушының жетістіктерін бағалау критерийлері**<br>**4. Талдау.**<br>– Ғылыми-техникалық революцияның шығу тарихымен танысады;<br>– Ғылыми-техникалық революцияның түрлерін жіктейді;<br>– Ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін біледі;<br>– ғылыми-техникалық революцияның бүгінгі ғылымдағы жетістіктермен байланыстылығын тұжырымдайды.<br>**5. Түсіну.**<br>– жаһандану үрдісі туралы біледі;<br>– жаһанданудың құрамдас бөліктері бар екенін түсінеді;<br>– техникалық жаңалықтардың тез енгізілуін түсінеді;<br>– ғылыми-техникалық революция туралы біледі;<br>– ғылыми -техникалық революцияның шығу тарихын түсінеді;<br>– ғылыми- техникалық революцияның адамзат өркениетінің дамуындағы маңызын анықтайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның адамзат өркениетінің дамуындағы орнын ажыратады.<br>**6. Бағалау.**<br>– ғылыми-техникалық революцияның нәтижелерін ажыратады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның барысын сатылап орналастырады;<br>– ғылыми-техникалық революцияның қолдану тәсілдерін, топтастырып, жинақтайды;<br>– ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін бағалайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **1** Тыңдау (аудирование): мұғалімнің сөзін тыңдайды.<br>Оқылым: ақпараттық мәтіндермен, карточкалармен жұмыс.<br>Жазылым: оқушылар ауызша және жазбаша сұрақтарға жауап береді.<br>Айтылым: жұптар мен топтарды ұжымдық талқылау барысында, сондай-ақ сұрақтарға жауаптарды талқылау барысында, сызбамен жұмыс істеу кезінде, ақпараттық мәтіндердің мазмұнын ұғыну барысында сөйлейді.<br>– Зерттеу жүргізу кезінде оқушылар жеке, жұптарда мен топтарда жұмыс істейді. |

| | |
|---|---|
| | – Барлық сыныппен талқылауға қатысады (оқиды, жазады, тыңдайды және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады)<br>тақырыптық мәтіндер<br>**Жазылым:** мәтін негізінде сызба кестені толтыру<br>**Айтылым:** жасалған жұмыстар бойынша жеке және жұп болып қорғау |
| **Құндылықтарға баулу** | Жаһандық, ғаламдық проблемаларды бірлесіп шешуде халықаралық ұйымдар менжекелеген мемлекеттің басшылары өз ойларымен бөлісіп, өз ұсыныстарын айтуда. Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерді шешуге қатынасуы жолдары БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, БСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жүргізілсе, әлем халықтары жаһандық қауіптерге қарсы халықаралық азаматтық ұйымдар Гринпис, Халықаралық Қызыл Крест, Шекарасыз дәрігерлер, феминистік, гендерлік ұйымдар қызметтері арқылы жүргізілуде.<br>**Ғаламдық мәселелерді шешудің басты шарты** – әлемдік қауымдастықтың мақсатты түрде келісілген саясат жүргізуі. Оның мынадай стратегиялық аса маңызды екі бағыттары бар:<br>1. ғылыми-техникалық саясат;<br>2. қазіргі халықаралық қатынастарды реформалау;<br>3. экологиялық, шикізаттық, энергетикалық және т.б. қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық алғышарттар жасау;<br>4. әлемдік қауымдастықты әділ демократиялық негізінде реформалау |
| **Пәнаралық байланыс** | ***География*** пәні бойынша әлем елдеріндегі ғылым мен техникалық жаңалықтардың ашылуы, таралуы, жаһандық өркениеттің дамуына үлес қосуы. Әлемдік және жекелеген елдердегі экологиялық, экономикалық, саяси проблемалардың пайда болуы. **Физика** пәні бойынша машиналардың түтіні салдарынан жердегі жылудың жер атмосферасында қалу себебінен жаһандық жылынудың пайда болуы. **Биология** пәні бойынша жекелеген елдердегі адам санының шамадан тыс көбеюінің пайда болуы. **Химия** пәні бойынша мұхит пен теңізде пластмасса қалдықтарының шашылуы салдарынан сулардың ластануының пайда болуы және қажетті күн сәулелерінің судың астына түспей, балдырлар мен су жануарларының күн сәулесінің жетіспеушілігін сезуі. |
| **Алдыңғы білім** | Өнеркәсіп төңкерісінің пайда болуы. Ғылыми ой, өнертапқыштықтың пайда болуы. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы. Қазіргі заманның жаһандық проблемалар. |

## Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Сұрақтарға жауап берейік**<br>1. Ғылыми-техникалық революция дегеніміз не? | strategy2050. |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| | 2. ҒТР-дың басты белгілері мен бөліктеріне нелер жатады?<br>3. ҒТР-дың әмбебаптылығы мен ауқымдылығы қалай түсіндіріледі?<br>4. Неліктен ғылыми техникалық революция мен ғылыми техникалық прогресс адамзат тарихында маңызды орынға ие?<br>5. Сіздің ойыңызша ғылыми техникалық революция мен ғылыми техникалық прогрестің адамзат үшін ең басты жетістігі қандай?<br><br>**Ойланайық, талқылайық**<br>Кестеде берілген атаулардың  ғаламдық проблемалардың пайда болудағы рөлін сараптаңыз.<br>Ғаламдық проблемалар өзінің бір-бірімен әрекеттесуінде мынадай үшбұрыш құрайды.<br>**Адам-------------------------------------------**<br>**Қоғам------------------------------------------**<br>**Табиғат--------------------------------------** | **Әдебиеттер тізімі**<br>1.«Әлем. XXI ғасыр» манифесі, akorda.kz, 2016 ж.<br>2. Клаус Шваб «Төртінші өнеркәсіп төңкерісі», 2017 ж.<br>3.XXI ғасырдың он жаһандық сын-қатері, strategy2050.kz<br>4. Митио Каку Болашақ физикасы. – М.: Альпина нон-фикшн, 2012.<br>5. Митио Каку. Будущее разума (The Future Of The Mind. The Scientific Quest To Understand, Enhance, And Empower The Mind) – М.: Альпина Нон-фикшн, 2015.<br>6. Самюель Хантинг-тон «Құбылмалы қоғамдардағы саяси тәртіп» (1968), «Американдық саясат: үйлесімсіздіктің болмай қоймауы» (1981). |

<table>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>
Талдап, салыстырайық<br>
1. ҒТР-дың шаруашылық құрылымына ықпалын талдаңыз
<table>
<tr><td>ҒТР-ның құрамдас бөліктері</td><td>ықпалы</td></tr>
<tr><td>ғылым</td><td></td></tr>
<tr><td>техника мен технология</td><td></td></tr>
<tr><td>өндіріс</td><td></td></tr>
<tr><td>басқару</td><td></td></tr>
</table>
2. ҒТР өзгеріс әкелген салаларды анықтаңыз
<table>
<tr><td>шаруашылықтың салаларына</td><td></td></tr>
<tr><td>еңбектің сипатына</td><td></td></tr>
<tr><td>адамдардың мәдениеті мен мінез-құлығына</td><td></td></tr>
</table>
3. Әлемдік жаһандану үрдісінің Қазақстанға қазіргі және болашақтағы әсерін SWOT талдау бойынша кестеге толтырыңыз (оқулықтағы кестені қолданыңыз).<br><br>
Дәптерге орындайық<br>
1.«Қазіргі заманның жаһандық проблемалары» деген тақырыпқа эссе жазыңыз.<br><br>
Қолданып көрейік<br>
1. Жаһандық проблемалардың туу себептерін анықтаңыздар (оқулықтағы кестені пайдаланыңыз).<br>
2. АКТ–ны пайдалану арқылы суреттегі саяси оқиға мен кездесулер туралы түсіндіріңіз? (оқулықтағы суреттерді пайдаланыңыз)<br><br>
Ой бөлісейік<br>
